топырағымен қоса алғанда 11-14 м аралығында ауытқиды. Аэроғарыш түсірілімдеріне назар аударсақ, 10 жыл бұрынғы суреттерде батыстағы жал секілді созылған үйінді топырақ, төрткүлдің оңтүстік-батыс бұрышына дейін жеткенін көреміз. Уақыт өте келе мелиорациялық жұмыстар барысында жалдың біршама бөлігі техникамен сүрілген. Төрткүлдің шығыс бөлігі толықтай егістікке айналған. Сондықтан жалдың бұл бөлікте болған-болмағанын нақты айту қиын. Төрткүлдің көлемі 46×35 м, қабырғаларының жалпы периметрі 162 м, ауданы 0,16 га. Қабырғаларының бұрыштарында мұнара іздері байқалады. Сақталған қабырғаларының биіктігі 2 метрге жуық.

Төрткүлдің үстінен және қабырға сыртынан жалпы саны 2 дана керамика сынығы, 1 дана диірмен тас сынығы табылды. Керамика сынығының біреуі арнайы шарықта жасалған. Сыртында күйген іздеріне әрі қабырғасының қалыңдығына қарағанда қазан сынығы болуы мүмкін. Құрамында сазға майда құм қосылып жасалған қазан сынығы отта сапалы күйдірілген. Екінші керамика сынығы бойынша саздың құрамына ірі қиыршық құм қосылған. Түсі қызыл-қоңыр келген керамика қалыңдығы мен жасалу ерекшелігіне сәйкес үлкен ыдыс немесе құмыра сынығы болуы мүмкін. Қолмен жапсыру арқылы жасалған ыдыс отта сапалы күйдірілген. Ыдыс сынығының қалыңдығы 17-18,5 мм аралығында ауытқиды.

Диірмен тас сынығының құрамы өте майда құмтастан тұрады. Түсі күңгірт келген тас сынығының екі беті де тегіс. Сынық, диірмен тастың шеті болуы мүмкін. Қалдындығы 14-16 мм арылығында ауытқиды.

3. Көкөзек төрткүлі. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Саурық батыр ауылынан оңтүстікте 2 км жерде, Саурық батыр елді мекеніне баратын тас жолдың (Саурық батыр бағытында) сол жағында, Қарақастек өзенінің орта ағысы болып табылатын Құтырған өзеннің оң жағасында, өзен арнасынан 100 м шығыста орналасқан. Географиялық координаттары: С. 43°10'83.9»; Ш. 76°09'03.8». Пішіні төртбұрышты, қабырғалары дүниенің төртбұрышына қараған. Көлемі 74×74 м, ормен қосып есептегенде 100×95 м қамтиды. Қабырғаларының жалпы периметрі 246 м, ауданы 0,44 га. Қабырғасының қалыңдығы жайылған топырағымен қосып есептегенде 6 метрден

11 метрге дейін жетеді. Бұрыштарында және қабырға бойында мұнара іздері байқалады. Сақталған мұнара іздерінің саны – 5. Шығыс қабырға толықтай бұзылуға ұшыраған. Маңайдағы егістікті суғаруға тартылған арық суы төрткүл қабырғасының жанына жиналып, жылма-жыл қабырға топырағын орып, қабырғадан төрткүлдің ішіне қарай ойыс болып кіріп кеткен. Оңтүстік және солтүстік қабырғалардың ортасы бұзылып, төрткүлдің ішімен жол түскен. Батыс қабырғаның ішкі жағын және солтүстік қабырғаның батыс бұрышы, оңтүстік қабырғаның батыс бұрышын қамтитын бөліктерде диаметрі 10 метрге жететін белгісіз ойыстар сақталған. Қабырғаның сыртынан ордың ізі байқалады. Ескерткіштің бетінен ешқандай материал табылған жоқ. Қазіргі таңда ескерткіш жеке шаруа-қожалықтың қоршауында қалып қойған.

4. Самсы төрткүлі. Ескерткіш Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Самсы ауылының оңтүстік-шығысында, ауылдан 0,5 км жерде орналасқан (Сурет 7). Географиялық координаттары: С.43°18'29.5»; Ш.76°6'56.9», т.д.б. 790 м. Пішіні тік төртбұрышты келген, көлемі 110×100 м, ауданы 1,01 га, қабырғаларының жалпы периметрі 404 м. Төрткүлдің бұрыштары дүниенің төрт тарабымен бағыттас. Қабырғаларының ені 2-3 м аралығында ауытқыса, биіктігі 1,5 м құрайды. Мұнара іздері байқалмайды. Төрткүлдің қабырғалары жіңішке және мұнара іздерінің болмауы, ескерткіштің бұрынырақта бұзылуымен байланысты. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, ескерткішті техниканың көмегімен сүрген, кейін топырақты қайтадан алып орнына үйіп, қолдан «жал» жасаған. Төрткүлдің ішкі жағының шығыс бөлігі биіктеу келген. Бұл нысан құрылыс орнымен байланысты болуы мүмкін. Бетінен шыққан керамикалар аса көп емес, негізінен қыш сынықтары батыс бөліген табылды. Төрткүлдің бетінде «қара қазушылар» қалдырған іздер байқалады. Төрткүлдің сақталуы нашар.

Самсы төрткүлінің үстінен және айналасынан жалпы саны 8 дана керамика сынығы жинап алынды. Шарықта жасалғаны 4 дана, қолмен жапсырылып жасалғаны 4 дана. Барлық қыш ыдыс сынықтары ас үйлік мақсаттағы, яғни қазанға тиесілі. Оның ішінде шарықта жасалған бір керамика сынығы ыдыс ернеуі болып табылады, басқалары қабырға сынықтары. Ернеудің қалыңдығы 0,7-0,8 см аралығында ауытқиды. Кейбір сынықтардың сыртында отта күйген іздер байқа-

лады. Құрамына қиыршық құм араластырылған саздан жасалған керамикалар отта сапалы күйдірілген.

5. Ақтерек төрткүлі. Ескерткіш Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ақтерек ауылынан солтүстік-батыста 6,7 км, Алматы-Ташкент күре жолының (Ташкент бағытында) сол жағында, жолдан 5,5 шақырым жерде орналасқан (Сурет 6). Географиялық координаттары: С.43°19'84.8»; Ш.75°26'28.6», т.д.б. 744 м. Пішіні шаршы тәріздес, көлемі 70×70 м, ауданы 0,38 га, қабырғаларының периметрі 246 м. Бұрыштары дүниенің төрт тарабымен бағыттас. Бұрыштарында мұнара іздері байқалады. Аэрофото түсірілімінің ерте кезеңдерінде төрткүлдің маңайындағы ордың іздерін және төрткүлдің оңтүстік-батыс бөліктеріндегі құрылыс іздерін көруге болады. Бүгінде ескерткіш толықтай егістік астында қалып, белсенді түрде бұзылуда. Ескерткіштің бір бұрышында кейінгі уақытта қазған шұңқыр ізі сақталған. Біздің ойымызша бұл «қара қазушылардан» қалған болуы мүмкін.

Төрткүлдің бетінен 77 дана керамика сынығы, 4 дана тас құралдар және 16 дана жануар сүйектері жинап алынды. Керамикалар өз ішінде қазан сынықтары 15 дана, ыдыс ернеулері – 8 дана, түптері – 9 дана, құмыра мойындары – 3 дана, құмыра тұтқалары – (қабырғасымен қоса) 3 дана және 39 дана құмыраның қабырға сынықтары. Жалпы керамикалардың шарықта жасалғаны 26 дана, қолмен жапсырылып жасалғандары – 52 дана (Сурет 9).

Қазан сынықтарының 5 данасы шарықта жасалған. Бірқатарының сыртында күйген іздер байқалады. Құрамы әр түрлі, кейбіреулерінде ірі қиыршық құмтас көп араластырылып жасалса, кейбіреулеріне майда құм сазды араластырып жасаған. Түстері қара-қошқыл, қызғылт-қоңыр. Қалыңдықтары 0,6-1,1 см аралығында ауытқиды.

Құмыра сынықтарының 18 данасы шарықта жасалған. Қалыңдықтары 0,7-1,7 см аралығында ауытқиды. Қабырғалары қалың құмыра сынықтарының құрамы майда құм және саздан тұрады. Түстері қызғылт болып келген. Отта сапалы күйдірілген. Қабырғалары жұқа келген керамика сынықтарының көпшілігі отта сапалы күйдірілген. Құрамында негізінен майда құм және саз, кейбіреулерінде қиыршық құмдар кездеседі. 1 дана керамика сынығының сыртына қызғылт-қоңыр түсті ангоб жағылған.

Құмыра мойындарының екеуі шарықта, біреуі қолмен жапсырылып жасалған. Отта сапалы күйдірілген. Қалыңдықтары 0,7-1 см аралығында ауытқиды. Құрамы майда құм және саздан тұрады.

Құмыра тұтқаларының жасалу тәсілдері бірдей. Әдетте жиі кездесетін, яғни ернеуден төмен жерден тік шығарылып, төмен қарай иіліп келіп, иық тұсына барып жапсырылып бекітілген. Екі тұтқаның төменгі жағы, бір тұтқаның жоғарғы жағы сақталған. Тұтқалардың қалыңдықтары 26, 27 және 36 см болады. Бір тұтқаның жоғарғы жағында ернеу бөлшегі сақталған. Ернеуінің диаметрі 4 см, қалыңдығы 0,6 см. Ернеу тік жасалып аяқталған.

Ернеулердің жалпы саны 8 дана, оның ішінде шарықта жасалғандары – 3 дана. Өз ішінде қазан ернеулері (5 дана), құмыра ернеуі (1 дана), құм ернеуі (1 дана) және тегене ернеуі (1 дана). Қазан ернеулерінің ішінде біреуі шарықта, басқалары қолмен жапсырылып жасалған. Ернеулердің ұшы қақпақ жабуға арналып жасалған, келесі біреулері тік жасалып аяқталған. Құмыра ернеуінің диаметрі 16/20 см құрайды. Құм ернеуі ортағасырлық классикалық үлгіде, сыртқа қарай қайтарылған түрде жасалған. Тегене ернеуі қолмен жапсырылып аяқталғандықтан, симметриялы емес. Тік жасалып аяқталған. Тегене ернеуінің диаметрі 14/15 см құрайды.

Түптердің жалпы саны 9 дана. Оның ішінде біреуі қазан түбі, басқалары үлкен ыдыстар (құмыра, тегене, саптыаяқ) түптері. Қалыңдықтары 0,9; 1,3; 1,9 см аралығында ауытқиды. Отта сапалы күйдірілген. 6 данасы шарықта жасалған.

Тас құралдар 4 дана. Оның ішінде диірмен тас, қайрақ және белгісіз тас құралдар (Сурет 10).

Диірмен тастың (жоғарғы бөлігі) 4/1 бөлігі, оның ішінде бір бөлігі, тұтқа тұратын шұңқыры және орталық тесігі сақталған. Жиегінің диаметрі 24 см, орталық тесігінің диаметрі 4-4,8 см болады. Орталық тесігінің биіктігі 5,2 см, айналдыру тесігінің диаметрі 2,1-2,3 см, тереңдігі 0,4-0,5 см құрайды. Негізгі материал ретінде таулы өзендерде кездесетін жұмыр тас пайдаланылған.

Қайрақтың қалыңдығы 1,7 см болады. Нақты пішіні белгісіз. Тұрмыста көп пайдаланылғанын бетінің тегістеліп, егелуінен көре аламыз. Қалған екі тас құралдың қандай мақсатта пайдаланылғаны белгісіз.

Жануар сүйектерінің жалпы саны 16 дана, оның ішінде екі уақ малдың төменгі жақ сүйегі, бір қой асығы, жылқының 1 дана ортаңғы фалангасы, 2 дана сиырдың азу тістері және бірнеше уақ малдың тіс сынықтары, ірі қараның қабырға сынықтары (1-2 кесте).

Жылқының ортаңғы фалангасының саггитальды ұзындығы 43 мм, медиальды-латеральды ені 46 мм, дорсальды-плантарлы ені 22 мм, проксимальды эпифизінің ені 53,1 мм, дистальды эпифизінің ені 50,1 мм құрайды.

Асық қойдың сол аяғына тиесілі. Медиальды ұзындығы 33 мм, латеральды ұзындығы 32 мм, саггитальды ұзындығы 26,9 мм, медиальды-латеральды қимасы 21,5 мм, дорсальды-плантарлы қимасы 18,1 мм құрайды.

1 кесте. Морфометриялық талдау (А.В. Дриш бойынша)

1	Төменгі жақ сүйек (Ovis) (Ақтерек)				
	6а	7	8	22б	12
	25,55	40,75	31,37	22,12	15,52
	72,76	37,16	35,22		
2	Асық №1 (Ovis); (Ақтерек)				
	GLI	GLM	BD	Сaгг.	
	33,09	31,75	21,45	26,78	
	29,95	28,51	20,84	24,52	
3	Фаланга №2. (Bos taurus); (Ақтерек)				
	SD	GL	Bp	Bd	
	45.59	46.63	53.33	49.95	

2 кесте. Морфометриялық өлшемдердің аббревиатурасы

№	А.В. Дриш бойынша өлшем атауы (қысқ.)	Аббревиатурасы қазақша атауы
1	GLI	Латеральды бөліктің ұзындығы
2	GLm	Медиальды бөліктің ұзындығы
3	Bd	Дистальды шетінің ені
4	GL	Ең үлкен ұзындығы
5	SD	Ең кіші ені
6	Bp	Проксимальды шетінің ең үлкен ені
7	Сaгг.	Саггитальды қимасының ұзындығы

6. Архарлы төрткүлі. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Арқарлы ауылынан солтүстік-шығыста 6,1 км, Беріктас ауылынан солтүстік-батыста 6,2 км, Алматы-Ташкент жолының (Ташкент бағытында) сол жағында, жолдан 5,1 км жерде орналасқан. Географиялық координаттары: С.43°17'12.3»; Ш.75°37'85.8», т.д.б. 753 м. Пішіні шаршы тәріздес, көлемі 95×95, ауданы 0,74 га, қабырғаларының жалпы периметрі 344 м. Бұрыштарында және қабырға бойында мұнара іздері байқалады. Анықталған мұнаралар саны – 8. Жайылған қабырғаларының жалпы ені 16-20 м аралығында ауытқиды. Ескерткіш қазіргі таңда толықтай егістіктің астында қалған. Үсті техникамен жыл сайын жыртыла бергендіктен, төрткүлдің қабырғалары жайылып кеткен. Аэроғарыш түсірілімдерінің 10 жыл бұрынғы суреттерінде де төрткүлдің егістік астында қалып қойғанын көруге болады.

Төрткүлдің бетінен жалпы саны 17 керамика сынығы, 1 дана металл шлагы және 1 дана диірмен тас сынығы, 1 дана дән үккіштің тоқпағы, 1 дана тас құрал жинап алынды. Керамикалардың шарықта жасалғаны – 5 дана, қолмен жапсырылып жасалғаны – 12 дана.

Керамика сынықтары жасалу тәсілдеріне қарай екіге бөлінеді: ас үйлік (7 дана) және асханалық (9 дана). Асүйлік ыдыстардың барлығы қазанға тиесілі. Керамика сынықтарының құрамы қиыршық тастар, құм және саздан тұрады. Түстері қоңыр, қызғылт-қоңыр және күңгірт келген. Отта сапалы күйдірілген. Барлығы да қолмен жапсырылып жасалған. Қалыңдықтары 0,7-1,1 см аралығында ауытқиды.

Асханалық ыдыстар өз ішінде құмыра ернеуі және қабырға сынықтары деп ажыратылды. Құмыра ернеуінің түсі қызғылт келген, құрамы: майда құм, қиыршық құм және саздан тұрады. Отта сапалы күйдірілген. Ернеудің сыртқы жағында қосымша жапсырған бедері болған, бірақ сынып жоғалған. Ернеу тік жасалып аяқталған. Ернеуінің диаметрі 19 см, қалыңдығы 14-17 см аралығында ауытқиды. Басқа ыдыс сынықтары негізінен қабырға бөлшектері. Қалыңдықтары 0,7-1,2 см аралығында ауытқитын ыдыс сынықтарының құрамы саз, құм және қиыршықты құмтастан тұрады. Отта күйдірілуі бірқалыпты емес, түстері сарғыш, ақшыл сары, сұр болып келген. Біреуінің сыртында жіңішке қыл тәріздес затпен сызып түсірген өрнектер байқалады. Өрнектің жалпы ені 0,8-0,9 см аралығында ауытқиды.

Диірмен тас сынығының тек 4/1 бөлігі ғана сақталған. Оның ішінде орталық айналма тесігінің жартысы (диаметрін анықтауға болады), шетіндегі арнайы ағаш тұтқаны тығып айналдыратын шұңқыр тесігі және жиегі сақталған. Орталық тесігінің диаметрі 5 см, осы тұсындағы қалыңдығы 3,5 см құрайды. Шұңқыр тесіктің диаметрі 1,3 см, тереңдігі 1,2 см құрайды. Диірмен тастың ең қалың жері 4,5 см болады. Асты тегіс, тұрмыста жақсы пайдаланылған. Диірмен тастың негізгі материалы таудың жақпарлы тасы.

Дәнүккіштің тоқпағы сынып, бір шеті ғана сақталған. Сақталған ұзындығы 6,2 см, сынған жерінің диаметрі 4,9×4,3 см, шетінің диаметрі 3,8 см болады. Негізгі материал ретінде тау тасын пайдаланған. Қолмен өңдеп жұмырландырған. Тұрмыста ұзақ пайдаланылғандығын жан-жағының әбден тегістеліп, ешқандай кедір-бұдыр қалмағанынан көруге болады.

Келесі тас құралдың қандай мақсатта пайдаланылғаны түсініксіз. Тастың пішіні де стандартты пішіндерге келмейді. Бірақ бір шетін арнайы құралмен шұңқырлап тескен. Шұңқырдың диаметрі 0,7 см, тереңдігі 0,4 см болады (Сурет 11).

Металл шлагы фрагмент түрінде сақталған. Бір шеті жауын-шашын әсерінен тотыға бастаған.

7. Беріктас төрткүлі. Ескерткіш Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Беріктас ауылының батысында 0,5 км жерде орналасқан (Сурет 6). Географиялық координаттары: С. 43°15'63.6»; Ш. 7541°6'42.3», т.д.б. 870 м. Пішіні тік төртбұрышты, көлемі 40×32 м, ауданы 0,10 га, қабырғаларының жалпы периметрі 126 м. Төрткүлдің қабырғалары дүниенің төрт тарабымен бағыттас. Бұрыштары мен қабырғаларының бойынан мұнара іздері байқалмайды. Қабырғаларының ені 4-9 м аралығында ауытқиды. Ескерткіш табиғи жағдайда әбден мүжіліп, жермен-жексен болған. Жер бетінен көмескі байқалады. Төрткүлдің үстінде материал өте аз, тек солтүстік-батыс бұрышынан жырып өткен арықтың әсерінен құлаған бөліктерінен керамика сынықтары табылды. Ескерткіштің сақталуы нашар.

Төрткүлдің айналасынан жалпы саны 11 дана керамика сынығы және 1 дана қой асығы жинап алынды. Керамикалардың екеуі арнайы шарықта жасалса, басқалары қолмен жапсырылып жасалған. Шарықта жасалған ыдыс сынықтарының құрамы майқа құм және

саздан тұрады. Отта сапалы күйдірілген. Ыдыстың ішкі жағында саусақ ізі анық байқалады. Қалдындықтары 12-16 мм аралығында ауытқиды. Жасалу тәсілі мен өлшемдеріне сәйкес сиымдылығы үлкен ыдыстардың сынықтары болуы мүмкін деп болжаймыз. Қалған ыдыс сынықтарының екеуі қазан сынығы, басқалары асханалық ыдыс сынықтары. Қазанға тиесілі ыдыс сынықтарының құрамы ірі қиыршықты құм мен саз араластырылып, қолмен жапсыру арқылы жасалған. Отта күйдірілуі әртүрлі. Қалыңдықтары 0,6-0,7 см аралығында ауытқиды. 1 дана қазан ернеуі қолмен жапсырылып жасалған. Ернеуінің диаметрі 18-20 см құрайды.

Қой асығы жақсы сақталған. Оң аяққа тиесілі. Асықтың латеральды ұзындығы 28,5 мм, медиальды ұзындығы 29,9 мм, латеральды-медиалды қимасы 20,5 мм, дорсальды-плантарлы қимасы 28,4 мм және саггитальды ұзындығы 24 мм құрайды.

8. Жайсаң төрткүлі. Ескерткіш Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жайсаң ауылының оңтүстігінде 1,4 км жерде орналасқан (Сурет 8). Географиялық координаттары: С. 43°25'69.5»; Ш. 76°16'53.1», т.д.б. 672 м. Пішіні шаршы тәріздес, көлемі 75×75 м, ауданы 0,56 га, қабырғаларының жалпы периметрі 301 м. Төрткүлдің қабырғалары дүниенің төрт тарабымен бағыттас. Бұрыштарынан және қабырға бойынан мұнара іздері, қабырғаларының сыртынан ордың ізі байқалады. Қабырғаларының ені 3-4 м, биіктігі 0,7-0,9 м, ордың ені 1,5-2 м, тереңдігі 0,5-1 м аралығында ауытқиды. Қақпа орны байқалмайды. Ескерткіш егістік ортасында қалғанымен, үстін жыртып, бүлдірмеген. Сақталуы жақсы.

Төрткүлдің бетінен және қабырға сыртынан жалпы саны 42 дана керамика сынығы жинап алынды. Оның ішінде 20 данасы шарықта жасалған, 18 данасы қолмен жапсырылып жасалған, 4 дана сәндік қолданбалы кірпіш сынығы. Жалпы қыш ыдыс сынықтарының ішінде 24 данасы асүйлік ыдыс сынықтары. Оның барлығы қазанға тиесілі. Қазан сынықтарының ішінде 3 дана қазан ернеуі бар (Сурет 9).

Қазан ернеулерінің бірі ішке қарай, екеуі сыртқа қарай қайтарылып барып аяқталған.

Асханалық құмыра сынықтарының саны – 14 дана. Оның ішінде үшеуі ернеу сынығы.

Құмыра ернеулерінің барлығы тік шығып аяқталғанымен, біреуінің ернеу үстінде сызықты өрнек, екіншісінде батырылып жа-

салған сызықтар байқалады. Барлық құмыра сынықтары отта сапалы күйдірілген. Қалыңдықтары 0,8-1,7 см аралығында ауытқиды.

Қолданбалы сәндік кірпіш сынықтары 4 дана. Барлығының екі беті қызғылт түсті сазбен сыланып, сапалы күйдірілген. Өте ұсақ бөлшектер болғандықтан көлеміне қатысты мәліметтер айта алмаймыз. Қалыңдықтары 1,7-1,9 см аралығында ауытқиды.

Қорытынды. Археологиялық барлау жұмыстары барысында анықталғандай, Алматы облысының батысы керуен жолының бойында орналасқандықтан, ортағасырлық төрткүлдер жиі әрі белгілі бір заңдылықпен орналасқанын байқауға болады. Мәселен Жайсаң төрткүлінен басқалары тау етегіне жақын жерде, бір бірінен 2,5-5 км-ден 25 км-ге дейінгі аралықта орналасқан. Негізгі төрткүлдер көп жағдайда бір бірінен 5-15 км қашықтықта орналасуы жиі кездесетін жағдай. Бұл жерде Еңбекші және Итбай төрткүлдерінің аралығы 25 км-ден асады. Біздің ойымызша осы аралықта төрткүл тәріздес ескерткіштер болуы және бүгінгі таңда жойылып кетуі әбден мүмкін.

Төрткүлдердің ішінде Арқарлы, Ақтерек, төрткүлдері егістіктің астында қалып, толықтай жойып кету қаупі төніп тұр. Көкөзек және Итбай төрткүлдері жеке шаруа қожалығының аумағына кіріп, антропогендік әсерден жойылу үстінде. Еңбекші төрткүлі Кеңес өкіметі тұсында арнайы мал бордақылайтын орынға айналып, ішкі құрылыс қабаты толықтай жойылған. Беріктас төрткүлі техногендік әсерден тегістеліп кеткен, бүгінде нобайы нашар байқалады. Самсы төрткүлінің сыртқы қабырға жалы жергілікті халықтың айтуынша техникамен сүріліп, бұзылуға ұшыраған. Ішкі мәдени қабаты да егістік орнына айналған. Жайсаң төрткүлі шабындық ортасында қалған. Әрі шаруашылық аймағы егістік орнында қалып, жойылып кеткен. Егер осы жағдай сақтала берсе, біраз жылда ескерткіштердің тек орны ғана қалуы ықтимал.

Төрткүлдердің топографиялық жағдайын талдау барысында, фортификациялық құрылымы жақсы ойластырылғаны байқалды. Барлығының пішіні төртбұрышты және трапеция тәріздес. Кейбіреулерінен (Еңбекші, Көкөзек, Жайсаң) қақпа және ор іздері анық байқалады. Төрткүлдердің топографиялық көлемі бойынша ерекшеліктері төмендегідей:

Зерттеу нәтижелерін сараптай келе қорытындылайтын болсақ, 2018 жылы Алматы облысының батыс бөлігіне, Күрті өзенінің аңға-

Кесте 3. Алматы облысының батысында орнаалсқан төрткүлдер

№	Атауы	Көлемі (м)	Ауданы (га)	Гео. Координаты
1	Еңбекші	182×175	2,91	С.43°14'95.0»; Ш.76°30'54.0»
2	Самсы	110×100	1,01	С.43°18'29.5»; Ш.76°06'56.9»
3	Арқарлы	95×95	0,74	С.43°17'12.3»; Ш.75°37'85.8»
4	Жайсаң	75×75	0,56	С.43°25'69.5»; Ш.76°16'53.1»
5	Көкөзек	74×74	0,44	С.43°10'83.9»; Ш.76°09'03.8»
6	Ақтерек	70×70	0,38	С.43°19'84.8»; Ш.75°26'28.6»
7	Итбай	46×35	0,16	С.43°10'58.0»; Ш.76°10'90.6»
8	Беріктас	40×32	0,10	С.43°15'63.6»; Ш.75°41'43.2»

рына жүргізілген барлау жұмыстары Жетісу өлкесіндегі төрткүлдер туралы мәліметтер базасын кеңейтіп отыр. Жоғарыда атап өткендей, көпшілігі жойылып кету алдында. Ұлы Жібек жолының Іле, Күрті өзендері арқылы өткен тармақтарындағы ортағасырлық ескер-текіштерді археологиялық тұрғыдан зерттеп, материалдарын ғылыми айналымға енгізу маңызды мәселе екендігін ескеруіміз қажет.

Абрамов Н.А. Алматы или укрепление Верное с его окрестностями. – Записи РГО по общей географии. 1867а. – С. 255-258.

Акишев К.А. Успехи археологии Казахстана // Известия АН КазССР / Серия общественная. 1974. №2. – С.23-25.

Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К. Средневековые города и поселения северо-восточного Жетысу. – Алматы: 2005. – 188 с.

Бартольд В.В. Кульджа // Сочинения. – Москва, Наука ГРВЛ, 1965. Т.III. – С. 470-471.

Берг Л.С. Предварительный отчет об исследовании озера Балхаш летом 1903 года // Избранные труды. – Москва: Издания АН СССР, 1960. Т.III. – С. 68-70.

Бернштам А.Н. Памятники старины Алма-Атинской области // Известия АН КазССР / Серия археологии. Алма-Ата, 1948. Вып. 1. – С.79-91.

Валиханов Ч.Ч. О киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. – Алма-Ата: 1984. – 432 с.

Городецкий В.Д. Древности Семиреченской (Джетысуйской) области / Рукопись ИА. Ф.1, Д.№3. Л. 99-103.

Дублицкий В.Н. Краткий отчет археологической разведки КазФАН СССР и Центрального музея Казахстана в окрестностях Алма-Аты // Рукопись архива Института археологии. Ф.1, д. №162.


Пантусов Н.Н. Город Алмалык и Мазар Тутлук Тимур-хана // Кауфманский сборник. – Москва, 1910. – С. 161-168.

Фишер Г.В. Озеро Балхаш и течение р. Или от выселка Илийского до ее устья // Записки Западно-Сибирского отделения Русского географического общества. 1884. Т. IV. – С. 3-21.

ҚОСЫМША



Сурет 1. 1 – Еңбекші төрткүлі; 2 – Итбай төрткүлі; 3 – Көкөзек төрткүлі; 4 – Самсы төрткүлі



Сурет 2. 1 – Беріктас төрткүлі; 2 – Архарлы төрткүлі; 3 – Ақтерек төрткүлі; 4 – Жайсаң төрткүлі



Сурет 3. Еңбекиі төрткүлі (Оңтүстік қарағанда)



Сурет 4. Итбай төрткүлі (Оңтүстік-шығыстан қарағанда)



Сурет 5. Ақтерек төрткүлі (Солтүстіктен қарағанда)




Сурет 6. Беріктас төрткүлі (Оңтүстіктен қарағанда)




Сурет 7. Самсы төрткүлі (Солтүстік-шығыстан қарағанда)



Сурет 8. Жайсаң төрткүлі (Батыстан қарағанда)



Сурет 9. Қыш ыдыстар коллекциясы (1-8 – Жайсаң; 9-10 – Еңбекші; 11-18 – Ақтерек төрткүлдері)



Сурет 10. Диірмен тас (Ақтерек, Архарлы төрткүлдері)

Шакенов С.Т.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Археология, этнология және музеология-
кафедрасының оқытушысы*

Ерғабылов А. Е.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Археология, этнология және музеология-
кафедрасының оқытушысы*

Хамитов М.

*Алматы қ. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
4 курс студенті*

ШІЛІКТІ – ТАРБАҒАТАЙ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2017-18 ЖЫЛДАРЫ АЙНАБҰЛАҚ ҚОРЫМЫНДА ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Айнабұлақ қорымы. Айнабұлақ қорымы қазіргі Зайсан қаласынан шығыста 7-8 шақырым жерде, Сауыр тауының теріскейіндегі Көрпе жазығының аяқталар тұсында, Темір су атты өзеннің екі сағасын қамти орналасқан. Қорымның бір бөлігі Темірсу өзенінің сол жақ жағалауындағы жазықты толық қамтып, тау етегінен төменде 5 шақырым жерде орналасқан Айнабұлақ ауылына дейін жетеді. Темірсу өзенінің оң жағалауында орналасқан қорымның екінші тармағы өзен бойымен оңтүстікке қарай 3,5-4 шақырымға дейін тармақталып орналасса, екінші бөлігі тауды жағалап, шығысқа қарай тармақталып орналасқан. Қорымның келесі бөлігі темірсу өзенінің жоғарғы ағысында, Көрпе жазығында шашыраңқы түрде, кей жерлерде топталып орналасқан.

Қорымға жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары барысында, ескерткіштерді орналасу реті мен типологиясына қарай бірнеше топқа топталды. Тау етегімен төмен қарай тармақталып орналасқан обаларды Темірсу өзенінің маңайына жинақталу ретіне қарай және өзеннің жоғарғы ағысында орналасуына байланысты 4 топқа жіктедік.

Айнабұлақ-1 қорымы. Қорымда обалармен қатар, XIX-XX ғасырдың басындағы қазақ қыстаулары, қазіргі уақытқа тән жерлеу орындары, ғұрыптық кешендер де орналасқан. Ескерткіштер орналасу

ретіне қарай, тау етегінен төмен қарай тізімделіп, төлқұжаты жасалды. Яғни тізімдеу, санау жұмыстары оңтүстіктен солтүстікке қарай бағытталды. Қорымға жүргізілген барлау-зерттеу жұмыстары барысында жалпы саны 140 ескерткіш тізімделіп, төлқұжаттары жасалды.

Зерттеу жұмыстары барысында 140 ескерткіштің ішінде 24 оба көлемі ірі ескерткіштер қатарына жататыны белгілі болды. Аталған топтағы обалардың диаметрлері 24-36 м (сыртқы қоршау және ормен есептегенде) аралығында ауытқиды. Обалардың биіктіктері 0,5-1,8 м құрайды. Ірі обалардың көпшілігінің құрылымы тас жабындысынан тұрады. Әрі ескерткіштердің көпшілігінің ортасында ойық шұңқыр сақталған. Кейбір ірі обалардың сыртынан тас қоршау жүргізілсе, енді біреулерінің жанынан ғұрыптық кешендер салынған. Ірі обалар белгілі бір жүйені құрамаған. Арасы 25-250 м аралығында шашырай орналасқан (Толеубаев, 2017а, с. 611-625).

Айнабұлақ қорымы – 3. Айнабұлақ-3 қорымы Айнабұлақ-1,2 қорымдарынан 300-400 м шығыста солтүстіктен оңтүстікке қарай тізімделіп орналасқан. Зерттеу барысында, қорымда жалпы саны 41 ескерткіш бар екендігі анықталды. Барлық ескерткіштер тізімге алынып, төлқұжаты жасалынды. Қорымда 4 ірі оба кездеседі. Олар №5, №9, №10 және №26 обалар. Қорымдағы обалар солтүстікте екі тармақ болып басталып, оңтүстікке қарай бір нүктеге жинақталады. Оңтүстікте тау етегіне жеткенде тұйықталып, тоқтайды. Обалардың диаметрлері 3-24 м аралығында ауытқыса, биіктіктері 0,3-1,6 м аралығын қамтиды. Обалардың барлығы дерлік тас жабындысынан тұрады. Көпшілігінің ортасында тоналудың белгісі яғни шұңқырлар кездеседі. Ұсақ обалар негізінен ірі обалар маңына солтүстіктен оңтүстікке қарай тармақталып барып шоғырланған.

Айнабұлақ I қорымындағы № 9 обада жүргізілген зерттеулер

Обаның диаметрі шамамен 9 м, биіктігі шамамен 0,3 м. Беткі қабаты – тас үйіндісінен тұрады, кейбір жерлері беткейленген. Қазба шығыстан батысқа қарай ені 3 м траншея түрінде салынған. Траншеяның орталығын қазу нәтижесінде шығыстан батысқа қарайтын, бірақ оңтүстік-батысқа ауытқулары бар тас конструкция анықталды.

Бұл конструкция пішіні бойынша қабір үсті құрылысына ұқсас келеді. Тас конструкциясын тазалау кезінде қабір шұңқырының шекарасы толығымен айқындалған. Қабір шұңқыры солтүстік-батыстан

оңтүстік-шығысқа бағытталған. Ұзындығы – 2,05 м және ені – 1,80 м. Қазіргі жер деңгейінен 90 см тереңдікте аяқ-қолы бүгілу қалыпта мәйіт табылды. Басы солтүстік-батысқа қаратылған. Беті солтүстікке қаратылып, бас астына 21×10 см пішінді тастан жастық жасалған. Мойнында бірнеше дана моншақ табылған. Олардың сыртқы диаметрі 1×0.5 см тең, сыртқы түсі – ақ-сары. Пішіні – домалақ, ортасында тесік домалақ пішінде жасалған. Тесіктің ішкі диаметрі – 0.2-0.3 см. Ішкі бөлігінің түсі – жасыл және көгілдір.

Толық зерттеу жүргізілгеннен кейін қабір шұңқыры 15 см-ге тереңдетілді. Жалпы қабір шұңқырының тереңдігі – 1.07 м (1-сурет). (Толеубаев, 2019, 3-12 б.).

Айнабұлақ I қорымындағы №11 обада жүргізілген зерттеулер

Обаның қазбаға дейінгі өлшемдері келесідей: шығыс-батыс бағытындағы диаметрі – 12 м, солтүстік-оңтүстік бағытындағы диаметрі – 12,4 м. Обаның вертикаль бағыттағы сақталған биіктігі – 0,5 м құрайды.

Қазба – 1 этап. №11 обаның негізгі өлшемдері алынғаннан кейін, солтүстік-оңтүстік бағытында стратиграфиялық жалы қалдырылып,



Сурет – 1. Айнабұлақ I қорымы. №9 оба. Жерлеу шұңқыры

обаның беткі қабатын тазалау жүргізілді. Беткі шөп қабатын тазалау барысында, ірі тастардың дөңгелек шеңберіне ұқсас құрылыс орны көмескіленіп көріне бастады. Обаның стратиграфиялық жалының шығыс бөлігіндегі №1 секторда қиыршық тас аса көп емес. Обаның орталық жалынан 1,3 м шығыста керамика сынықтары шықты. Керамиканың көлемі $8 \times 7 \times 1$ см пішініне қарап, ыдыстың бүйірі деп болжаймыз. Түсі қара қоңыр. Сынған жерінің қимасына қарап, құрамы майда саз құмнан тұратынын анықтадық. Керамиканың жасалуы сапалы.

Обаның №2 секторының беткі шөп қабатын тазарту барысында, тағы екі сынық күйінде сақталған керамика бөлшектері табылды. Алғашқы табылған керамика сынығы кейінгі табылған екі керамика сынығының бөлшегі екендігі, керамика сынықтарын қайта құрастыру барысында анықталды. Құмыраның түбі дөңестеліп жасалған, ешқандай бұрыш жасап аяқталмайды. Қабырғасының сынықтарын құрастыру барысында, арнайы өткір затпен батырылып жасалған сызықты, геометриялық негізде жасалған өрнектерді байқай аламыз. Керамика түсі қара-қоңыр, отта сапалы күйдірілген, жалпы сипатына қарап, тұрмыста біршама уақыт пайдаланғанын анық көре аламыз.

Қазба – 2 этап. Жерлеу шұңқыры. Обаның орталық бөлігінде керамика шыққан алаңқайдың тастары аз. Сол жерден көлемі 3×3 м етіп қазба түсірілді. Зерттеу барысында топырақпен араласып, бір жерге жинақталған, орта көлемдегі тас шоғыры кездесті. Тастар солтүстік-шығыстан, оңтүстік-батысқа қарай созылған. Тастардың орналасу ретін анықтау үшін, қазба 10 см төмен қарай түсірілді. Нәтижесінде, аталған тереңдіктегі ірі тастар шоғыры қазбаның шығысына қарай жылжып, солтүстік-оңтүстік бағытында ені 1 м болатын кеңістікте жинақталғаны анықталды. Жерлеу шұңқырының ішінен шыққан тастардың көлемі $32 \times 24 \times 18$ см, $26 \times 16 \times 14$ см және $14 \times 7 \times 5$ см.

Жерлеу шұңқырына түсірілген қазбаның көлемі: шығыс-батыс бағытында 3,1 м, оңтүстік-солтүстік бағытында 3,4 м құрайды. Беткі тастарды алғаннан кейін, 15-20 см тереңдіктен тағы да тас шоғыры байқалды. Жерлеу шұңқырына түсірілген қазбаны 0,8 м-ге тереңдеткенде, шеңбер тәріздес жинақталған тас құрылыс анықталды. Жерлеу шұңқырын төмен қарай 50 см түскенде, тас құрылыстың батыс шеті-

нен адаң қаңқасының бас сүйегі көрінді. Нақтырақ, тас құрылыстың солтүстік батыс бұрышы. Бас сүйек өте нашар сақталған. Беті жоғары қараған күйі сақталған. Бас сүйектің жоғарғы жақ сүйегі мүлдем жоқ, шіріп, жоғалып кеткен. Төменгі жақ сүйектің тістері біршама жақсы сақталған. Бас сүйектің бетін жапқан топырақтың түсі қызыл екендігі байқалды. Зерттеу барысында мәйіттің үстіне қызыл бояу немесе жоса (охра) сепкені белгілі болды. Бас сүйектің топырағын тазалау барысында, сол жақ мойынның тұсынан таттанып, жасыл түске айналған метал көрінді. Металды тазалау барысында, оның екі дана екендігі анықталды. Екі дана метал бұйым бір-бірінің үстіне қойылып, орналастырылған. Метал бұйымдарды тазалау барысында, қола пышақ екендігі анықталды (2-сурет). Пышақтың бетінде жатқанының көлемі кішілеу келген, екінші астында орналасқан пышақтың көлемі бірінші пышаққа қарағанда үлкендеу келген. Қызыл жоса мәйіттің басына, бас сүйектің сол жағына өте көп себілген. Мәйітті толық тазалау барысында, сол жақ бұғана маңайынан, қазбаның солтүстік қабырғасынан шамамен 30 см қашықтан дөңгелек



*Сурет – 2. Айнабұлақ қорымы. №11 оба.
Қаңқа 1. Пышақтар*

келген пішінде, үш бұрамды мыс сырға табылды. Мәйіттің денесі де нашар сақталған, нақтырақ, оң жақ бұғана, қолдың сүйектері шіріп, мүжіліп кеткен. Мәйіттің денесен тазалау барысында, қаңқаның орналасуы анатомиялық қалыпта болғанымен, жатқызылуы ерекшелігі бөлек екендігі белгілі болды. Мәйіт арқасымен жатқызылып, қолдары дененің бойымен ұзыннан қойылған. Мәйіттің аяқтары тізесінен бүгіліп, дененің оң жағына қарай бүгіліп қойылған. Мәйіттің жалпы денесі толық ашылғанымен, нашар сақталуына байланысты, сүйектерді қозғау барысында, үгітіліп кететені белгілі болды. Мәйіттің сол

жағынан, сол қолдың саусақтары тұсынан көкшіл-қара түсті графит тасы табылды. Бүгілген тізесінің тұсынан жоғарыда мойын тұсынан табылған үш орамды мыс сырғаға ұқсайтын сырға табылды. Екі сырғаның да көлемі бірдей, үш орамды болып табылады. Мәйіттің бүгілген аяғын толық ашы барысында, қаңқаның аяқ тұсына түбі тегіс келген, аса биік емес, қабырғасы қалың келген қыш ыдыс табылды. Өкінішке орай қыш ыдыс мыжылып, үгітіліп кеткен.

Қазбаны оңтүстікке қарай кеңейтіп ашу барысында, екінші мәйіт қатар жерленгені белгілі бола бастады. Яғни обаның оңтүстік бөлігіне екінші бірінші мәйітпен қатар қойылған (4-сурет). Екінші мәйітті тазалау барысында, бас сүйегінің біршімі жақсы сақталғаны белгілі болды. Екінші мәйіттің бас сүйегінің құлақ түбінен екі орамды мыс сырға табылды. Екінші мәйіттің денесі біршама жақсы сақталған. Қаңқа анатомиялық қалыпта, бірақ аяқтары бірінші мәйіттің аяғы секілді солға қарай бүгілген. Екінші мәйіттің оң жағынан қабырға тұсынан бастап, төмен қарай аяқтың созылу қалпымен қатарласып, ені 5-6 см, биіктігі 6-9 см аралығындай уытқитын топырақ немесе саз балшықтан қалап, жағалап, қоршау жасаған. Қоршаудың жақсы сақталған жері екінші мәйіттің аяқтарының бойымен келіп, аяқтың бітетін жерінен солға қарай айналып барып аяқталған. Екінші мәйіттің аяқтары бітетін тұсатағы саздан жасалған қоршаудың оңтүстік-шығыс бұрышына арнайы саз тұғырдың үстіне саздан жасалған шырағдан табылды. Саз тұғырдың көлемі аса үлкен емес, биіктігі 7-8 см, бетінің ауданы 6×7 см құрайды. Қыш шырағдан батысқа қаратып қойылған, қолмен ұстауға арналған тұтқасы оңтүстік-шығысқа қаратылған.

№11 обаның жерлеу шұңқырындағы №2 мәйіттің аяқ тұсынан табылған шырағданның толық сипаттамалары келесідей (3-сурет). Шырағдан үстінен қарағанда шеңбер, сол жақ қимасынан қарағанда ернеуден 1,5 см төмендікте сүйірлеп 3 см-ге дейін ілгіш тұтқаны жабыстырған. Ыдыстың түбіне жете төмен қарай қарай тігінен 3 аяқ жеке шығарылып, ұшына қарай сүйірленіп аяқталған. Қимасына қарағанда күйдірілуі сапалы, құрамы майда құм, аздап қиыршық тастан тұрады. Ыдыстың ішінде оттың күйген қалдығы сақталған. Ыдыстың түсі қызғылт қоңырқай. Қолдан жабыстырылып жасалған ыдыста симметриялық тепе- теңдік жоқ. Шырағданның сақталуы



*Сурет – 3. Айнабұлақ қорымы. №11 оба.
Шырағдан*



*Сурет – 4. Айнабұлақ қорымы. №11 оба.
Жерлеу шұңқыры, мәйіттер қосымша зат-
тарымен*

жақсы. Шырағданның аяқтарының астында және тұтқаның оң жағында жарылып, сынған белгі бар.

Айнабұлақ 1 қорымындағы №16 обада жүргізілген зерттеулер

Обаның жалпы пішіні дөңгелек, тас жабындымен төңкерілген. Обаның нақты өлшемдері: солтүстік-оңтүстік бағытында – 9,7 м; шығыс-батыс бағытында – 12,7 м кұрайды. Жер бетінен алғандағы биіктігі шамамен 0,6 м болады.

Анықтап қарағанда, обаның оңтүстік, шығыс және солтүстік бетінде тас тізбен анық байқалады. Обаның батысындағы тас тізбекретсіз орналас-

қан. Обаның шетінде бекітіліп қойылған тас қоршаудың сыртында ұсақ тастар таралған. Біздің ойымызша, уақыт өте келе ұсақ тастар, сыртқы қоршау тастан асып, шығып қалған. Обаның шетіне ірге тас секілді қойылған тастар өте ірі келген, әрі таудың жақпарлы тастары емес, өзеннің малта тастарын қойған. Обаның іргесіне қойылған ірі малта тастардың өлшемдері Тізбектелгер тастардың көлемі $40 \times 33 \times 16$ және $24 \times 16 \times 9$ см аралығында ауытқиды. Обаның шетіне қаланған тас тізбектің батыс шетіндегі ірге тастар аздап бұзылуға ұшыраған. Керісінше обаның шығыс және солтүстік-шығыс бетіндегі тастар өте жақсы сақталған. Обаның ірге тастарын жоғарыдан ар-

найы құралмен шамамен 20-25 м биіктіктен қарағанда, толық байқауға болады. Обаның шетінде ірге тастардан обаның орталық бөлігіне дейін ұсақ малта тастар мен орта көлемдегі жақпарлы тастар ретсіз толтырылған.

Обаның орталық бөлігінде екінші құрылыс байқалады. Бұл жерлеу шұңқырының аумағына салынған құрылыс екендігі анық. Обаның ортасындағы жерлеу шұңқырының үстіне салынған тас қоршау мен обаның шетіндегі ірге тастардың арасында басқа ешқандай тас құрылыс байқалмайды (5-сурет).



*Сурет – 5. Айнабұлақ қорымы. №16 оба.
Жерлеу шұңқыры*

Тас құрылыс – 2. Обаның орталық бөлігінде ерекше құрылыс байқалады. Орталық бөлігінің тастары бір деңгейде жатыр. Обаның орталық бөлігінде шығыстан батысқа қарай созылған тас құрылыстың ірге тастарының өлшемдері келесідей:

1. Ірі – $75 \times 37 \times 40$ см және $67 \times 31 \times 38$ см аралығында ауытқиды.
2. Орта – $44 \times 28 \times 22$ см және $40 \times 26 \times 18$ см аралығында ауытқиды.
3. Кіші – $21 \times 15 \times 11$ см және $19 \times 12 \times 7$ см аралығында ауытқиды.

Обаның орталығындағы тас қоршау шығыстан батысқа қарай созылып орналасқан. Бірақ тас құрылыстың пішіні сопақша емес, дөңгелекке жақын келеді. Себебі, тас құрылыс солтүстік-оңтүстік бағытына қарай да созылған.

Қазба – 1 этап. Обаның шетіне салынған ірге тастардың сыртына шығып қалған әртүрлі көлемдегі тастарды алып тастағаннан кейін, орнына тазалау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, обаның нақты шеткі көлемдері айқындалды. Обаның ірге тасы ретінде қаланған тас шеңбердің сыртынан есептегендегі солтүстік-оңтүстік бағыттағы диаметрі 6 м, шығыс-батыс бағыттағы диаметрі 5,95 м құрайды. Тас шеңбердің ішкі жағынан есептегендегі ұзындығы шығыс

батыс бағытта 5,3 м, солтүстік-оңтүстік бағытта 5,1 м құрайды. №16 обаның жалпы периметрі – 17,30 м. Шеңбердің ауданын шығаруға арналған формула – $S=\pi r^2$. Аталған формулаға сәйкес №16 обаның толық ауданын біле алдық. Яғни $S=3.1415 \times 3,65^2=41,8$ м². №16 обаның ауданы – 41,8 м² құрайды.

Қашау. Обаның оңтүстік шетінен, сыртқы тас қоршаудан тыс аумақты тазалау барысында, тас қоршаудан оңтүстікке қарай шамамен 24 см жерден қоладан жасалған қашау табылды. Қашаудың ұзындығы 7 см, ені 1,7 см құрайды. Мыстан жасалған қашау арнайы қалыпта құйылған, кейін ұру езу арқылы өңделіп қазіргі пішінге келтірілген. Нақты пішіні, бір шеті қырланып, жүзі жасалған. Осы қырланған шетінен жоғары қарай бір шеті дөңестеліп, екінші шеті ішіне кіріп барып, аяқталады. Қашаудың жоғарғы аяқталар жері аздап сыртына қайталырып барып айқталған. Осы жерден қашаудың ішкі қуысы басталады. Яғни қашаудың бер шеті қырлы, жүзі бар болса, екінші шеті іші қуыс болып кетеді. Ішкі қуыстың диаметрі 1,3 см құрайды.

Қазба – 2 этап. Тас шеңбердің орталық бөлігін екі секторға бөліп, ұсақ және орта көлемдегі тастарын тазалау жұмыстары жүргізілді. Обаның орталығына солтүстік-оңтүстік бағытта қалдырылған жалдың шығыс бөлігін тастардан тазалау барысында ешқандай тас құрылыстың ерекшелігі анықталмады. Тек обаның орталық бөлігінде байқалған тас қоршау қалдырылып отырды. Жалдың шығыс бөлігін, сыртқы жер биіктігімен теңестіріліп тазаланып болғаннан кейін, орталық стратиграфиялық жалдың батыс шетіне тазалау жұмыстары жүргізілді. Аталған аймақтағы тастар толық алынғаннан кейін, обаның ортасына қалған тас қоршаудың ішкі бөлігінің ұсақ тастары мен топырағы тазаланды. Обаның орталық бөлігінен жерлеу шұңқырының ізін анықтау үшін, орталық тас қоршау алынып тасталды. Нәтижесінде обаның орталық бөлігінде шығыстан батысқа қарай созыла орналасқан жерлеу шұңқырының дағы байқалды (Толеубаев, 2017а, с. 611-625).

Жерлеу шұңқыры және қаңқа. Жерлеу шұңқырының ізі толық байқалмайды. Тек анықтап тазаланғаннан кейін ғана жалпы көлемі 1,9×1,2 м болатын қабір дағының ізі байқалды. Аталған өлшемдері негізгі ала отырып, обаның орталық бөлігіне көлемі шығыстан-ба-

тысқа қарай 3 метр, солтүстіктен оңтүстікке қарай 2 болатын қазба түсірілді. Қазба көлеміне орай, төмен қарай 15-20 см түскен кезде, батыс шеттен адам қаңқасының бас сүйегі кездесті. Бас сүйек жақсы сақталған. Мәйіттің денесін шығысқа қарай ашу барысында, бірнеше қиындықтар тудырды. Олар, мәйіт жердің бетіне өте жақын қойылғандықтан, топырақ саз тәріздес қатып қалған. Соның әсерінен сүйек пен топырақты ажырату үлкен қиындық тудырды. Екіншіден мәйіт жер бетіне жақын қойылғандықтан, топырағында ылғал аз сақталып, қатып қалған. Мәйіттің денесін бойлап ашу барысында, бастапқы қалпынан ешқандай өзгеріске түспегені белгілі болды. Яғни мәйіт басы батысқа қаратылып қойылған, аяқ-қолдары денесінің бойымен ұзыннан созылып қойылған. Қаңқа тастың бетінен 85 см тереңдіктен, жер бетінен 75 см тереңдіктен табылды. Мәйіттің басы батысқа қаратылған, қолдары дене бойымен тігінен жатқызылған. Дене анатомиялық қалыпта. Қаңқаның бел тұсы мен кеуде тұсы аралығында сүйектер сақталмаған. Қаңқаның сол қолы шынтақтан бүгілген, белінің үстінен, бұтына қойылған. Қаңқа сүйегі өте әлсіз, үгітілген. Бас сүйегі нашар сақталған. Оң қолы шынтаққа жетпей сынған. Астыңғы жақ сүйегі жақсы сақталған. Тістері бүтін. Қаңқаның мойын тұсы мен иығы, кеуде тұсынан №17 обадан табылғандай сүйек моншақтар табылған. Бүтін моншақтар 11 дана сынғандары шамамен 4-5 дана. Қаңқаның басы солға сәл бұрылған. Сол қолдың саусақ сүйектері қаңқаның бел тұсынан да табылды. Қаңқаның табаны екі жаққа қарай қаратылған.

Моншақтар. Бүтін моншақтар саны 11 дана. Моншақтарды көлеміне және жасалу технологиясына қарай 3 топқа топтауға болады (6-сурет).

1 топқа жататын моншақтар – көлемі ірі және дөрекі жасалған. Мұндай сипатқа ие



Сурет – 6. Айнабұлақ қорымы. №16 оба. Моншақтар

моншақтар саны 3 дана. Пішіндері дөңгелек, ортасындағы тесігі дөрекілеу тесілген. Моншақтардың сыртқы диаметрлері 1,6-1,3 см аралығында ауытқиды. Ішкі тесіктерінің диаметрлері 0,3-0,4 см аралығында. Аздап сынған жерінің қимасына қарап, ішкі бөлігінің түсі көкшіл екендігін байқауға болады.

2 топқа жататын моншақтар – көлемі орта, жасалу технологиясы жақсы, шеті аздап қырланып, кей жағдайда доғалданып, егелік жасалған. Мұндай моншақтар саны 4 дана. Пішіндері дөңгелек, ортасындағы тесігі симметриялы түрде жасалған. Моншақтардың сыртқы диаметрлері 1,3-1,1 см аралығында ауытқиды. Ішкі тесігінің диаметрлері 0,3-0,2 см аралығында. 2 топтағы моншақтардың жасалуы ерекше. Сыртқы пішінін асықпай егеп, тегістеп, моншақтардың дөңес бұрышын кей жағдайда қырлап, кей жағдайда тегіс етіп өңдеген. Аталған топтағы моншақтардың сынған жерінің қимасына қарап, түстері сарғыш көкшіл екендігін байқаймыз. Әрі сынған жерінен моншақтың құрамында ауа көпіршіктері сақталғаны байқалады.

3 топқа жататын моншақтар – көлемі кішкене, жасалу технологиясы жақсы, шеті толық дөңестеліп өңделген. Мұндай типтегі моншақтар саны 4 дана. Пішіндері дөңгелек, ортасындағы тесігі симметриялы түрде жасалмаған. Яғни тесігі моншақтың бір шетіне қарай ойысып немесе бір шетіне көбірек егеу арқылы жасалған. Моншақтың тесігін бұлай жасау, жіпке ілінгенде моншақ жатып тұруы үшін жасалған болуы әбден мүмкін. Аталған типтегі моншақтардың сыртқы диаметрлері 1,1-0,9 см аралығында ауытқиды. Ішкі тесіктері бірдей емес, ауытқушылық бар. Жалпы тесіктерінің диаметрлері 0,3-0,2 см аралығында.

Сынған моншақтар. №16 обадан бүтін моншақтармен қатар, жартысынан сынған, үгітіліп мүжілген моншақтар да кездесті. Сынған моншақтар саны 10-нан асады. Аталған моншақтардың көлемі әрқилы. Сыртқы диаметрлері 0,6-1,4 см аралығында ауытқиды. Моншақтардың ішкі түстері сарғыш қоңыр және көкшіл сары болып келген.

Пасталы моншақтардың жасалу тәсілдері көне заманнан бастау алады. Ерте кезеңдерде шыны тәрізді құмды балқытып, оған әртүрлі тотыққан металдарды қосу арқылы пасталы моншақтарды алатын болған. Моншаққа шала тотыққан темір қындасы көкшіл түс береді.

Моншаққа жасыл түс беру үшін, шыныға тотыққан мысты, сонымен қатар жасыл түсті бор қосады. Мұндай түстегі моншақтар б.з.б. III-I ғасырларда Қаратеңіз жағалауы мен Кубаньда алынған.

Жерлеу шұңқырының жалпы өлшемдері:

1. Ұзындығы (шығыс-батыс) – 3 м
2. Ені (солтүстік-оңтүстік) – 2 м
3. Биіктігі – 45 см

Қаңқаның толық өлшемдері келесідей:

1. Қаңқаның басынан батыс қабырғаға дейінгі қашықтық – 70 см
2. Қаңқаның басынан солтүстік қабырғаға дейін – 110 см
3. Қаңқаның басынан оңтүстік қабырғаға дейін – 75 см
4. Сан жілігі – 40 см
5. Сирағы – 45 см
6. Аяқтарынан оңтүстік қабырғаға дейін – 60 см
7. Аяқтарынан солтүстік қабырғаға дейін – 107 см
8. Аяқтарынан шығыс қабырғаға дейін – 65 см
9. Кеудесі мойыннан беліне дейін – 46 см

Тас баған. Тас баған обанын орталық нүктесінен батысқа қарай шамамен 20-30 см батысқа қарай қашықтан солтүстік-оңтүстік бағытында ұзынан жатқан тас баған табылды. Тас бағанның табылған жері, обаның артындағы мәйіт табылған жерден яғни мәйіттің басы тұрған аумақтан табылды. Біздің ойымызша, тас баған обаға жерленген мәйіттің басы тұсына тігінен қадалған болуы мүмкін. Тас бағанның өлшемдері келесідей:

Тас бағанның жалпы ұзындығы – 94 см

Ұшының диаметрі – 24 см

Ұшынан 30 см төмендегі диаметрі – 24 см

Ұшынан 60 см төмендегі диаметрі – 25 см

Ұшынан 90 см төмендегі диаметрі – 26 см

Түбінің диагональды ұзындығы – 30-32 см

Ұшының диагональды ұзындығы – 23-25 см.

Қазба жұмыстары толық аяқталғаннан кейін, №16 оба рекультивация жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, обаның жерлеу шұңқырынан шыққан топырақ қайта толтырылып, тастары бетіне, бастапқы қалпына сай орналастырылды. Обаның орталық бөлігінен шыққан тас баған, тігінен қайта орнатылды.

Айнабұлақ-1 қорымындағы №11 оба өте қызықты мәліметтер берді. Мұнда Қазақстан аумағында өте сирек кездесетін афанасьев мәдениетіне тән ескерткіш ашылды. Афанасьев мәдениеті көбіне Оңтүстік Сібір аймағында таралған. Бұл мәдениетке тән ескерткіш ең бірінші рет Хакасияда ашылған. Аталған ескерткіштер б.з.б. 3–2 мыңжылдықтың басымен мерзімделеді. Алтай өңірінде бұл мәдениетке тән үш қорым табылып, тек кейбір ескерткіштер ғана зерттелген. Қазақстан территориясында афанасьев мәдениетіне тән ескерткішті ең бірінші рет Ә.М. Оразбаев Черновая ауылы маңынан (Катон Қарағай ауданы) ашқаны белгілі. Бірақ аталған ескерткіштен шыққан материалдар афанасьев мәдениетіне тән мәліметтерді толық бере алмауына байланысты, ғылыми ортада үлкен қызығушылық туғыра қоймады. Біздің тарапымыздан зерттелген Айнабұлақ – 1 қорымындағы 11 және 16 обалардан табылған материалдар афанасьев мәдениетінің бұл аймақта кездесетінін толық дәлелдейді. Афанасьев мәдениетіне тән белгілер келесідей:

1. Әдетте афанасьевтік оба-қоршаулар тау етегінде орналасады.
2. Обаның жер бетіндегі құрылымы бірыңғай тастармен көмкеріліп жабылады.
3. Жерлеу шұңқыры маңайында тастармен қаланған көбіне тікбұрышты тас қоршаулар кездеседі.
4. Мәйіттердің қойылу тәртібі және басының бағытталуы – арқасымен жатқызылады, аяқтары бүгіледі, бастары батысқа қаратылады.
5. Бір жерлеу шұңқырын бірнеше жерлеу ғұрпына пайдалану, яғни мәйіттерді ярустық ретпен бірінің үстіне екінші жерлеу ұйымдастырылады.
6. Екі жынысты қоса жерлеу ғұрпы кездеседі. Қос жерлеу ғұрыптары афанасьев мәдениетінде жиі кездесетін құбылыс және мұндай ғұрып қола дәуірі мәдениеттерінде, сондай-ақ оқунес және андрон мәдениеттерінде де ұшырасады.
7. Түбі дөңес, шырша тәрізді батырып жасалған өрнекті құмыра-ыдыстардың болуы.
8. Үш аяқты, конустық типте жасалған, тұтқасы бар шырағдан болуы.
9. Мыстан соғу арқылы жасалған жапырақ тәріздес пышақтардың кездесуі.

10. Мәйіттердің үстіне қызыл жоса бояуын себуі. Жалпы мәйіттердің үстіне немесе оның айналасы мен жерлеу шұңқырының ішіне қызыл жоса себу ғұрпы афанасьев мәдениетінің айқын дәлелі болып табылады.

11. Еңбек құралдары жанында тас қырғыштың да кездесуі афанасьев мәдениетіне тән дүние болып табылады.

12. Біз зерттеген Айнабұлақ – 1 қорымындағы төрт обадан да малдың сүйегі кездеспеді. Бұл жағдай да афанасьев мәдениетіне тән дүние болып табылады (Толеубаев, 2017б, с. 172-200).

Жоғарыда аталған белгілер, сипатталған обалардың афанасьев мәдениетіне тән екендігін сөзсіз дәлелдейді. Қазақстан территориясында афанасьев мәдениетінің айқын ескерткіштерінің ашылуы жалпы алғанда – Қазақстан археологиясындағы жаңа сөз деп айтуға болады.

Афанасьев мәдениеті бұл – далалық аймақтағы металлургиялық мәдениеттің бірінші кезеңі болып табылады.

Толеубаев А.Т., Жуматаев Р.С., Шакенов С.Т., Новые оригинальные памятники энеолитической эпохи в Зайсанском районе Восточно-Казахстанской области // Мир большого Алтая международный научный журнал. – 3 (4) 2017а. – С. 611-625.

Толеубаев А.Т., Жуматаев Р.С. Предварительные итоги археологических исследований на могильниках Айнабулак-1 и Улкен Каратал в полевом сезоне 2017 года // Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі – Өскемен, 2017б. – С. 172-200.

Толеубаев Ә.Т., Жуматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. Шілікті-Тарбағатай археологиялық экспедициясының 2018 жылғы археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері // «Ұлы Даланың жеті қыры және Еуразия археологиясы мен этнологиясының өзекті мәселелері» атты «ХІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Ә.Т. Толеубаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – Б. 3-12.

СЫРДАРИЯНЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫНДА ОРНАЛАСҚАН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ОҒЫЗ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

Сыр өңірінде оғыз кезеңінің қалашықтарының саны жаңа зерттеулерге сүйенсек жиырмаға жуықтайды. Бұл өз кезегінде аталмыш өңірдің ортағасырлар кезеңінде қала мәдениетінің қарқынды дамығандығын көрсетеді. Соңғы онжылдықта Ә.Ә. Тәжеевтің жетекшілігімен «Жанкент археологиялық экспедициясы (ЖАЭ)» ортағасырлық Жанкент, Шіркейлі Қос-асар және Сортөбе қалашықтарында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Жанкент қалашығы – Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жанкент ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 1,5 шақырым жерде орналасқан. Бұл ескерткіште ЖАЭ мүшелері тарапынан 2005-2019 жылдары қазба жұмыстары жүргізіліп келеді.

Қалашық жоспарында батыс бөлігі шығыңқы болып келетін тіктөртбұрышты формалы. Жалпы аумағы шамамен 15 гектарды құрайды. Ескерткіштің сыртын айнала ені 4-5 м болатын ор қоршап жатыр және сыртқы келбетінен шығыс қабырғасының жақсы сақталғандығы айқын көрінеді. Қорған қабырғалар негізінен үлкен көлемді пахсалардан тұрғызылған. Осы шығыс қабырғасының ортасында екі жағы мұнаралармен бекітілген қалашықтың шығыс қақпасы бар. Сонымен қатар, Жанкенттің қамал қорғаны толығымен мұнаралармен күшейтілген. Мұнаралардың диаметрі – 7 м, олардың бір-бірінен арақашықтығы 16-17 м құрайды. Ескерткіштің әуеден түсірілген суретінен оның орталық бөлігінде басты көше бар екені көрінеді. Осы көшенің екі жағын жағалай шахристан, ал солтүстік-батыс бөлігінде көлемі 110×110 м болатын шаршы формалы цитадель орналасқан.

Бүгінде Жанкент қалашығында 9 қазба нысаны салынып, жалпы көлемі 2000 кв/м жуық жер аумағы зерттелінді. Далалық қазба жұмыстарымен қатар, зерттеу барысында геофизика, топырақтану және остеология ғылымдарының әдістері қолданылып жатыр (Модин,

Ерохин, 2014, 116-140 бб.; Гайдученко, 2014, 161-177 бб.; Пшеничнова, 2014, 290-292.). Нәтижесінде ескерткіштің ішкі құрылысында су қоймасы мен қораның орындары белгіленді. Жалпы, Жанкенттің 6-11 м мәдени қабаты бар екені анықталынды. Қалашықтың шығыс бөлігінде орналасқан тұрғын-жай кешенінде 60 бөлменің орны аршылып, 3 құрылыс кезеңі белгілі болды (Аржанцева, Харке, Тажеев, 2014, 293-295 бб.; Билалов, Султанжанов, 2017, 170-177 бб.; Султанжанов, 2017, 272-274 бб.; Сыдыкова, 2014, 100-115 бб.). Жанкент қалашығының керамикалық кешенінің классификациясы жасалынды (Амиргалина, 2014, 188-217 бб.). Бүгінде зерттеу жұмыстарының қорытындылары Жанкент қалашығының VIII ғасырдың соңы – X ғасырдың соңында өмір сүргендігін көрсетеді (Аржанцева, Билалов, 2014, 32 б.).

Шіркейлі Қос-асар қалашығы – Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Нағи Ильясов ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 5,5 шақырым жерде орналасқан. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының жетекшісі С.П. Толстовтың жіктеуі бойынша бұл ескерткіш үшінші асарлар тобына жатады – мықты қорғаныс жүйесі бар, сонымен қатар ішінде көптеген әртүрлі тұрғын-үй құрылыстары бар қамалдар. ЖАЭ мүшелері тарапынан ескерткішке археологиялық қазба жұмыстары 2015-2017 жылдары жүргізілді.

Ескерткіш көлемі 900×600 м болатын алып қабырғамен қоршалған. Қабырғаның сақталған биіктігі 3-4 м-ді құрайды. Қамалдың ішінде, шығысы мен батыс бөлігінде құрылысы жағынан ұқсас екі бекіністі үй-жай орналасқан. Зерттеушілер бұл үй-жайларды шартты атауларына сәйкес кіші үй-жайды – Қосасар I, үлкен үй-жайды – Қосасар II деп атаған. Сонымен қатар, Қосасар II-нің оңтүстік бұрышынан шығысқа қарай 60 м жерде, қаланы қоршап тұрған дуалдың ішкі бөлігінде жоспары төртбұрышты үшінші құрылыс – «төрткүл» бар.

Қосасар I – ескерткіштің шығысында орналасқан. Ол екі қабаттан тұрады, шығысындағы екінші қабаттың жоспары шеңберлі, ал астыңғы үлкен құрылыстың жоспары алтыбұрышты келген. Үстіңгі құрылыстың көлемі 50×40 м, сақталған биіктігі 10-12 м. Астыңғы құрылыстың көлемі 130×120 м, оның биіктігі шамамен 6-8 м.

Қосасар II – Қосасар I-ден батысқа қарай 500 м жерде қалашықтың батыс бөлігінде орналасқан. Бұл асарда екі қабаттан тұратын құрылы-

стан салынған. Үй-жайдың ұзындығы 60 м-ге тең қорғанысты жүйесі бар жеті қабырғасы құрылыстың жоспарын көпбұрышты етіп құрап тұр. Биіктігі 5-6 м. Бұл үй-жайдың да шығыс бөлігінде жоспары сақталмаған үстіңгі құрылыс орны бар. Үй-жайдың оңтүстік қабырғасында қақпаның ізі байқалады.

«Төрткүл». Жоспары төртбұрышты, көлемі 70×50 м, қабырғаларының биіктігі 3-4 м, қалыңдығы 2-2,5 м. Оңтүстік бұрышында жоспары төртбұрышты құрылыс бар. Ал қалған бұрыштарында диаметрі 3-3,5 м мұнаралары бар. Шіркейлі Қос-асары құрылысты жағынан Алтын-асарға ұқсас келеді. Онда да үлкен және кіші үйлер мен жоспары төртбұрышты «керуен сарай» орналасқан (Тәжекеев, Дәрменов және т.б., 2016, 250-255 бб.).

Археологиялық қазба жұмыстары 3 қазба нысанында жүргізіліп, жалпы көлемі 550 кв/м-ге жуық жер аумағын қамтыды. Стратиграфиялық кимада (Қазба №1) жүргізілген жұмыстар Қосасар I үй-жайында 6 құрылыс кезеңінің бар екендігін көрсетті. Зерттеушілер пікірінше, қазба нәтижесінде Шіркейлі Қос-асар ескерткіші б.з.д. I мыңжылдықтың соңынан – VII-VIII ғасырлармен мерзімделетін Жетіасар мәдениетінің ескерткіштерінің қатарына кіреді. Дегенмен, қазба барысында алынған материалдар Шіркейлі Қос-асар қалашығының IX-X ғасырларға дейін өмір сүргендігін көрсетеді. Бұл ескерткіштерін керамикалық материалдары Жанкент қалашығының керамикалық кешенімен ұқсас. Атап өтетін жайт, кейінгі құрылыс кезеңіне жататын арнайы алаңы бар шаршы формалы ғимарат (№1 бөлме) Жетіасар мәдениетінің III кезеңінің ескерткіштерінде ұқсастық таппайды және бұндай құрылыс жоспары жақын маңдағы басқа археологиялық мәдениеттерден де ұқсастық таппайды. Зерттеушілердің пікірінше бұл ғимарат культтік қызмет атқарған (Тәжекеев, Болелов және т.б., 2016, 227-229 бб.).

Сортөбе I қалашығы. Қызылорда облысы, Кармақшы ауданы, Жосалы кентінен батысқа 10 шақырым жерде орналасқан. Ол Сырдария өзенінің бір иінінде жатыр. Қазіргі уақытта апатты жағдайда, өзен арнасы ескерткіштің жарты бөлігін шайып кеткен.

Табиғи төбеде орналасқан қалашықтың сақталған бөлігі көлемі 80×85×120 м болатын үшбұрышты құрайды. Биіктігі айналасындағы жазықтықтан 2-3 м жоғары (Билалов және т.б., 2017, 62-75 бб.).

Ескерткіштің қазіргі көрінісінен оның төртбұрышты формалы болғанын аңғаруға болады. ЖАЭ мүшелері тарапынан бұл ескерткішке 2017-2019 жылдары далалық зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Қазба жұмыстары негізгі 2 қазба нысанында жүргізіліп, жалпы көлемі 700 кв/мге жуық жер аумағы қамтылды. Сортөбе I қалашығында 3 құрылыс кезеңі және 21 тұрғын бөлмелерінің орындары аршылды. Осылайша, қалашықтың ішкі жоспары туралы мәліметтер кеңейе түсуде. Зерттеушілердің пікірінше Сортөбе I ескерткішінің ішкі жоспары орталық бөлмесі бар усадьбалар қатарына жатады. Бұндай ескерткіштер VIII-IX ғасырларға жататын Хорезмдегі монументальды усадьбалармен ұқсастық табады (Билалов және т.б., 2017, 62-75 бб.; Билалов, 2018, 209-215 бб.).

Қорытындылай келе, соңғы уақытта «Жанкент археологиялық экспедициясымен» жүргізіліп жатқан зерттеулер жоспарлы түрге енгендігін байқаймыз. Зерттеу барысында кешенді әдісті (геофизика және топырақтану ғылымдарының) қолдану ортағасырлық Жанкент, Шіркейлі Қос-асар және Сортөбе I қалашықтардың тарихына байланысты кейбір сұрақтарды жан-жақты қарастыруға мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, жүргізілген жаңа археологиялық барлау жұмыстары (Ө.Ә. Тәжекеев) нәтижесінде ашылған ескерткіштер бойынша Сырдың көне сағаларында оғыз қалаларының жиі орналасқандығын байқаймыз.

Амиргалина Г.Т. Керамический комплекс // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). А.: «Арыс», 2014. С. 188-217.

Аржанцева И.А., Билалов С.У. Строительные материалы, техника, структурные и планировочные особенности цитадели по данным комплексного исследования 2011 – 2014 гг. // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). А.: «Арыс», 2014. С. 29-33.

Аржанцева И.А., Харке Г., Тажекеев А.А. Итоги и перспективы изучения городища Джанкент. Проблемы интерпретации полученных материалов // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). А.: «Арыс», 2014. С. 293-295.

Билалов С.У., Султанжанов Ж.К. Археологические работы на средневековом городище Жанкент (по материалам 2016 г.) // Материалы международной научной конференции «Преемственность археологических памятников Туркестанского оазиса», посвященной 20-летию научно-исследовательского центра археологии. Туркестан: «Сейт», 2017. С. 170-177.

Билалов С.У., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. Археологические исследования средневекового городища Сортобе // Вестник Казахского национального университета им. Аль-Фараби. 2017. №4 (87). С. 62-75.

Билалов С.У. Сортобе қалашығындағы зерттеулердің нәтижелері // «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 2018. 507 б.

Гайдученко Л.Л. Osteологические материалы из раскопок городища Джанкент (2009 – 2012 гг.) // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). Алматы: «Арыс», 2014. С. 161-177.

Модин И.Н., Ерохин С.А. Геофизические исследования на городище Джанкент в 2011 – 2014 гг. // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). Алматы: «Арыс», 2014. С. 116-140.

Пшеничнова Е.А. Реставрация очажной подставки // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). Алматы: «Арыс», 2014. С. 290-292.

Султанжанов Ж.К. Комплексные исследования на городище Джанкент // Актуальная археология 4. Комплексные исследования в археологии. Материалы международной научной конференции молодых ученых (г. Санкт-Петербург, 2 – 5 апреля 2018 г.). СПб.: Издательство ИИМК РАН, 2018. С. 272-274.

Сыдыкова Ж.Т. Раскоп 1. Жилищно-хозяйственный комплекс городища // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). Алматы: «Арыс», 2014. С. 100-115.

Тажекеев А.А., Болелов С.Б., Дарменов Р.Т., Билалов С.У. Городская культура Приаралья в зоне контактов земледельцев и скотоводов в I тысячелетии н.э. (по материалам городища Ширкейли Кос-асар) // Саки и савроматы Казахских степей: контакт культур: Сборник научных статей, посвященный памяти археолога Бекена Нурмуханбетова. Алматы, 2016. 252 с.

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ҚОНЫСТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ (1917-1991 ж.ж.)

Ортағасырлық және археологиялық деректерге сүйене отырып Ұы Жібек жолының дамыған шырқау шегінде Жетісу өңірінде қазіргі таңда бізге мәлім 200-ден астам қалалар мен қоныстардың орны анықталған.

Ортағасырлық қалалардың даму кезеңдерін VII–IX ғғ., IX–XI ғғ., XI–XIII ғасырдың бас деп көрсетуге болады. Осы кезеңдер аралығында Түргеш, Қарлұқ, Қарахан секілді Түрік мемлекеттерінің саяси және сауда орталықтарына айналды.

Қазақстанның ортағасырлық қалаларын зерттеу жұмыстары ерте-ректе яғни, XVIII–XIX ғасырларда орыс-еуропа саяхатшыларымен әскери экспедицияларының жұмыстарынан көруге болады кейін Түркістан археологиялық әуесқойлар үйірмесі арнайы зерттеу жұмыстарымен айналысты. Олардың ішінде А. Бартольдтің жүргізген барлау – зерттеу жұмыстарын айтуға болады.

1917 жылғы революциядан кейін археологиялық зерттеулер жалғастырылды, бірақ олар мемлекеттік негізде жүргізілді. 1919 жылы Санкт-Петербургте Материалдық мәдениет тарихы академиясы, ал 1920 жылы Ташкентте Мұражай ісі мен көне ескерткіштерді, өнер мен табиғатты қорғаумен шұғылданатын Түркістан комитеті (Туркомстарис) құрылды. В.В. Бартольдтың ұсынысы бойынша, комитеттің ең таяудағы міндеті археологиялық карта жасау болды. Сөйтіп, ежелгі ескерткіштерді есепке алудың, зерттеудің, сақтаудың негізі қаланды.

Алматыда және т.б. қалаларда оқу орындары ашылып тарих ғылымы ілгері даму жолына түсті. Ленинградтық археология мектебінің негізі мықтап қаланды. XX ғасырдың 30-40 жылдары Кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Соның ішінде КСРО Ғылым академиясы, Ғылым академиясының Қазақстан фи-

лиалымен бірлесе отырып 1936-1940 жылдары «Жетісу археологиялық экспедициясы» құрылып оның жетекшісі А.Н. Бернштам болды. Ұлы Отан соғысына дейін төрт далалық маусымда жүргізілген экспедиция Жетісу өңіріндегі орта ғасырлық қалалардың орындары, түрік дәуірінің қорғандары, тас мүсіндері зерттелді. Тарихи-археологиялық жағынан қызықты бірқатар қалаларда тікқазба (шурф) арқылы барлау жұмыстары мен стационарлық қазба жұмыстарын үйлестіріп, қызықты материалдар жинастырды. Осы жылдары Тараз қаласына арнайы экспедиция ұйымдастырылып орнын зерттеу жұмыстары басталды. Ауқымы кең қазба жұмыстары ортағасырлық Тараз қаласының айналасындағы ескерткіштергеде жүргізілді. Жұмыс нәтижесінде алынған археологиялық материалдардың кезеңдестірілуі жасалып, ғылыми жұртшылыққа ұсынылды. Луговое (Құлан), Аспара, Мерке, Талғар, Дунгене қалаларының орындарына барлау жұмыстары жүргізілді.

А.Н. Бернштамның ең алғашқы экспедициясы 1933 жылы Шығыс Жетісу мен Шу алқабын археологиялық зерттеуден бастаған. 1937 жылы Ортағасырлық Бектөбе қалашығы Оңтүстік Қазақстан және Ортазиялық экспедиция кезінде А.Н. Бернштамның бастама-сымен зерттелді. 1939 жылы Іле алабындағы ортағасырлық ескерткіштерді кеңінен зерттеу басталды. Олардың орнын барлап анықтау мен қатар, экспедиция Талғар және Дунгене қалаларының орындарына тікқазба (шурф) түсірді. Бұл зерттеулер Солтүстік-шығыс Жетісу ортағасырлық мәдениетін тереңдете зерттеуге нақты жол ашты. Экспедиция жұмыстарын қорытындылаған мақаласында А.Н. Бернштам мұндағы отырықшылық-егіншілік мәдениеттердің даму жолдары туралы бірқатар пайымдаулар жасады. Жетісудың ежелгі және ортағасырлық археологиясына мейлінше ден қою экспедиция қысқа мерзімде ірі көлемдегі барлау және қазба жұмыстарын жүргізуге мол мүмкіндіктер туғызды.

А.Н. Бернштам: б.з. I ғасырының өзінде Жетісу және Талас өңірінің ОртаАзияның орталығынан тегі Ирандық Соғды тайпалары келді. Қолөнер, сауда, балық аулау дамыған соғдылықтар өздерінің өнерлерін басқа елдерде дамыту үшін Шығысқа қарай жылжыды дейді. Тараз қаласының құрылуы – V ғасыр деп, қаланың құрылуына қатты әсер еткен Соғдылықтар деп көрсетеді. Соғды отарлауы бүкіл

Жетісуді алып Есік көлге дейін созылып, Тянь-Шань арқылы Шығыс Түркістанға жетіп, Қытай қорғанына барып бірақ тоқталған делінеді. «Ұлы Жібек жолын» Қытайдан көрі Соғдылықтар көп пайдаланды дейді ғалым өз еңбегінде.

1930 жылдардан бастап Жетісу өңірінде Шу алқабындағы ортағасырлық қалалар мен елді – мекендерді зерттеумен айналысқан А.Н. Бернштам 1941 жылы шығарған «Памятники старины Таласской долины» атты зерттеуінде Талас өңірлеріндегі б.з.д. III және IV ғасырлардан бастап XIII ғ. дейінгі аралықты қамтиды. Тараз қаласын зерттеуде ғалым зерттеу жұмысын VII – тараудан қарастырған, негізгі еңбекте қаланың тарихына байланысты мына мәселелерді қарастырған: 1-шіден қалаға жанама сипаттама беріп, өзіне дейінгі зерттеген В.В. Бартольд, В. Каллаур сияқты зерттеушілердің еңбегіне тоқталады; 2-шіден Талас өңіріндегі ежелгі үйсін және қаңлы тайпаларының тарихи ролін қарастырады; 3-шіден Соғдылардың Жетісу жеріне енуін және Тараз қаласының құрылу тарихын; 4-шіден VI-VIII ғасырлардағы Тараз тарихына; 5-шіден Тараз қаласына ислам дінінің келуі мен қаланың гүлденуін және Қарахан мемлекетінің пайда болуы; 6-дан; Тараз қаласының XI-XII ғасырлардағы саяси – экономикалық дамуын; 7-шіден; Монғол шапқыншылығымен қаланың құлдырауы.

1938 ж. А. Бернштам Зерттеу жұмысы кезінде Тараз моншасының орнын ашқан. Монша қазіргі көк базардағы Шахристан бөлігінің Шығыс жағынан табылды. Жалпы көлемі 7×4 метр болып келетін бұл құрылыс Отырар, Түркістан моншаларынан ерекше етіп салынған. Құрылыс бір – біріне жалғасқан бес бөлмеден тұрады. Қабырғаларының қалыңдығы мен олардың конструкциясына қарап ғалымдар оның төбе жабыны көп күмбезді екендігін анықтады. Қазба кезінде қызыл және сары плиткалармен көмкерілген едені, қабырғаларындағы қуыс–нишалары аршылды. Су арнайы салынған бөлмедегі құдықтан құбырлар арқылы жеткізілген. Кірпіштен қаланған ванналар да бұл моншаның ерекшелігі болып табылады. Моншаның едені астымен ыстық ауа мен түтін жүретін жолдар жүргізілген. Қабырғаларында әшекейлі ою-өрнек іздері сақталған. Бұл құрылыс Қараханид дәуіріндегі Жетісу өнерінің тамаша үлгілері пайдаланылған ғимарат. Осы монша туралы ғалым К.М. Байпаков «Бұл моншаның

құрлыс техникасының ерекшеліктері жылыту жүйесі, өрнектеу мәнері мен көркем суреттері бейнелеу өнері оның XI-XII ғғ. қаланың экономикалық өркендеу кезеңіне куә», – деп жоғары баға берді (Бернштам, 1941). Археологтар қазба жұмысын негізінен қаланың шығыс пен түстік жағында жүргізіп, араб тарихшысы Макдиси керсеткендей, қаланың Шығыс жағындағы Талас өзеніне қараған жерінде қалаға кіретін қақпаның орнын анықтады, соқпа дуалдарымен соғылған бекіністің қалдығын кездестірді.

Ежелгі Тараз қаласының орнына 60 жылдары Қазақстан Ұлттық Академиясының археология институтының бір топ ғалымдары Т.Н. Сенигова, Е.И. Агеева, Г.Н. Пацевич сияқты археологтар ғылыми жұмыстар жүргізіп, қомақты үлесқосты.

Тарихи деректерге сүйенсек Аспара Орта Азиялық әйгілі қолбасшы, Ақсақ Темірдің әскери горнизоны қызметін атқарған. Ортағасырлық Аспара қаласы Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Андас батыр ауылының ортасында Аспара өзенінің жағасында орналасқан. Бұл өзенді жергілікті қазақтар «Аспара» деп атаса, қырғыздарша «Ашмара» деп те атайды. Дегенмен, Алатаудың етегінде жазық далада орналасқан аты әйгілі қаланың бүгінгі таңда орталық бөлігі ғана сақталып қалған.

Қаланы тарихи – археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жиналған материалдар, тұрмыстық ыдыстар, тиындар (түргеш және бұқархудат тиындары) қаланың пайда болуын VI–VIII ғасырлар деп болжауға нақты дәлел. Ал қаланың гүлденген уақыты шамамен, XI-XII ғасырдың бас кезі деп айтуға болады. VII-IX ғ. ортасына дейін Аспара қаласы «Особулай» деген атпен кездеседі. Аспара қаласы туралы деректер IX ғасырдағы зерттеуші Ибн Хордадбек пен Кудаманың (X ғ.) жазбаларынан кездестіруге болады.

Аспараны ең алғаш рет 1894 жылы әйгілі ғалым В. Бартольд зерттеген. Кейін 1940 жылы А. Бернштамның жетекшілігімен Жетісу археологиялық экспедициясы қала маңында қазба жұмыстарын жүргізді. Кейінгі жұмыстарының нәтижесінде қала туралы көптеген мәліметтер, құнды деректер ашылып жатты. 1941 жылы Жамбыл археологиялық тобының ғылыми қызметкері Г. Пацевич қаладағы орталық үйіндінің төбесінің жоспарын түсіріп, материалдар жинақтады, 1954 жылы археолог П. Кожемяко қала аумағының сызба-жоспа-

рын жасаған. 1964–1965 жылдары ғалым, зерттеуші Л. Ерзакович екі мәдени қабаттан тұратын қаланың орталығынан құрылыс орындарын қазып, жүргізген қазба жұмыстарынан XII–XIV ғғ. және XV–XVI ғғ. жататын екі құрылыс қабаты ашылған болатын. Төменгі құрылыс қабатынан үш бөлмеден немесе бөліктен тұратын тұрғын кешені табылды. Тұрғын бөлмелердің ішіне ошақ, қабырғаны жағалай сәкі орналастырылған. 1988 жылы ғалым М. Елеуов басқарған ҚазМУ-дің археологиялық тобы қаланың қорғанысты қабырғасының орнын анықтады.

Қазақстан ғылыми мекемелерінің осы жылдарда қызметі жандана түсті. Қазақстанның Орталық музейі ескерткіштерді тіркеу, кездейсоқ табылған олжалардың есебін алу ісін және шағын қазба жұмыстарын жүргізеді. Баспасөзде Көксу өзеніндегі қалашық орны туралы және Жетісу ескерткіштері, бақанастық қалалар жайлы М. Тынышпаевтың және В.Д. Городецкийдің Талғар қонысы туралы мақалалары шығады. 1938 жылы Оңтүстік Қазақстан ескерткіштерін қорғау мақсатында Жамбылда Г.И. Пацевич басқарған Археологиялық пункт ұйымдастырылады. Г.И. Пацевич 10 жылдан астам уақыт бойы көне мұраларды тіркеуге алып отырды, Тараз бен оның төңірегіндегі қазба жұмыстарына жетекшілік етті және кездейсоқ табылған олжаларды жинақтады. Пункт Жамбыл облысының оңтүстік аудандарына және Шу өзенінің орта ағысындағы аудандарға экспедиция ұйымдастырды, ортағасырлық Тараздан Испиджабқа (Сайрам ауылы) дейінгі керуен жолдарының бойында орналасқан материалдық ескерткіштерді, яғни қала, бекініс қирандыларын, қоныстар мен обалы қорымдарды зерттеп, картаға түсірді.

Қойлық (Қаялық) – Іле алабындағы аса ірі ежелгі қала. Деректемелерде XI ғасырдан бастап белгілі, бір кезде ол Қарлұқ қағаны – Арыслан ханның ордасы болды. Франция королі IX Людовиктің елшісі Вильгельм де Рубрук Қойлықта 1253 жылы күзде болған. Бұрынғы Іле қыстағының жанындағы өткел арқылы Іле өзенінен өткеннен кейін ол былай деп жазды: «Келесі оған көптеген көпестер қатынап тұрған Қаялық деген үлкен қала таптық». Қаланың тұрған орны туралы түрліше жорамалдар бар. Қазақстан ҒА археологиялық зерттеулер Қойлықтың орны Лепсі алабындағы Антоновка ауылындағы қираған құрылыстар екенін анықтады. Мұнда 1964 жылы Жеті-

су археологиялық экспедициясы барлау жұмыстарын жүргізген.

Қойлық қалашығының атауы туралы әртүрлі деректер кездеседі. Оның бірінде Қаялық десе, кейбірінде Қайлақ деп жүр. Қойлық – Бернштамның айтуынша, Іле алқабындағы үлкен қаланың жеріне байланысты туындаған. Яғни, қой малының жайылуына ыңғайлылығына қатысты айтылған дейді.

VIII-XIII ғасырларда өмірсүрген ортағасырлық Талғар қаласының (Алматыдан 25 километр жерде) орнын археологтар өткен ғасырда тапқан болатын. Қазба жұмыстары 1970 жылдардан бері жүргізіліп келеді. Академик К. Байпақовтың айтуынша, көне қалада 8 мыңға дейін адам тұрған (Байпаков, 1993).

Тарихи деректерге қарасақ Талғар қаласының бұрынғы аты – Талхиз. Зерттеушілердің топшылауынша, Талхиз қаласы қазіргі Талғар сол дәуірде көлемі 21 га жеті жүздей үй орны болған деген нақты болжамдары бар. 1978 жылдан бастап Талхиз қаласының орнын қазып, зерттеуді бастаған Жетісу археологиялық экспедициясының маман – зерттеушілері (Байпаков, 2006). Талхизға өте жақын орналасқан «Туник» деген тағы бір шағын қаланың орнын анықтаған. Бұл туралы М. Пірімбетова мен Ө. Сәтбаевтың «Талғар тарихы ұрпаққа мұра» кітабында жан-жақты баяндалған (Пірімбетова, Сәтбаев, 2013).

Аталмыш тарихи ескерткіш көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудырып келеді. Талғар қалашығы XIX ғасырдың орта шенінен-ақ археологиялық ескерткіш ретінде белгілі болды. Оған алғаш рет 1921 және 1924 жылдары В. Городецкий қазба жұмыстарын жүргізсе, 1939 жылы А.Н. Бернштам басқарған Жетісу археологиялық экспедициясы қалашыққа екі бірдей шурф (тікқазба) салды. Одан кейін 1950 жылы И.И. Копыловтың жетекшілігімен қалашыққа қазба жұмыстары басталған. Негізгі кең көлемдегі зерттеу жұмыстары К. Ақышев басқарған Жетісу археологиялық экспедицияның құрамындағы К.М. Байпаков жетекшілік ететін отырықшы және қалалық мәдениетті зерттеуші арнайы топ құрылған кезден басталды. 1968 және 1970 жж. қалашыққа тағы да зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1978-1983 жж. қамал қабырғалары қоршап жатқан орталық бөлігі мен оңтүстік бөлігінде қазба жұмыстары жүргізіліп, 3890 м² болатын қазба алаңында 12 үй мен 65 метрге созылған негізгі көше орны

аршылып, қаланың орталық алаңында батыс және солтүстік қабырғалар кесіндісі ашылды. 1986, 1990-1993 жж. жүргізілген зерттеу жұмыстары кезінде ұстахананың, қалашықтың орталық үйіндісінің орны қазылып, қала құрылысы мен басқада құрылыс нысандарынан материалдар мен мәліметтер жинақталды.

Оңтүстік-шығыс Қазақстанның қалалары тікелей отырықшылықпен сауда байланыстарының нәтижесінде дамып отырды. Жүздеген жылдар бойы бұл қалалар саяси және экономикалық жағынан көптеген оқиғаларды басынан өткізіп отырды. Қалалардың бұл өңірлерде пайда болуын екі жақты қарастыруға болады. Біріншіден кенттену нәтижесінде бой көтерген қалалар, екіншіден бекіністі тірек ретінде пайда болған қалалар. Оңтүстік-шығыс Қазақстанда VII–XIII ғасырларда Тараз, Құлан, Алмалық, Қойлық, Талғар секілді т.б. саяси – экономикалық жағынан дамыған қалалар өз кезегінде осы аумақтарда өмір сүрген мемлекеттердің негізгі тірек пунктеріне айналды.

Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы. – Алматы, 2006. – 356 б.

Бернштам А.Н. «Памятники старины Таласской долины». – Алма – Ата, 1941. – 123 с.

Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: Очерктер. – Алматы, 1994. – 346 с.

Байпаков К.М. Археологические памятники Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы, 1993. – С. 89-92.

Пірімбетова М., Сәтбаев Ә. «Талғар тарихы ұрпаққа мұра» // «Талғар» газеті. 13 желтоқсан 2013.

Байпақов К.М. Великий Шелковый путь на территории Казахстана. – Алматы, 2007. – 361 с.

Г.А. КУШАЕВТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ БОЙЫНША ЖИНАЛҒАН ДЕРЕКТЕРДІҢ КЕЙБІР ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Отандық археология ғылымында тарихы терең кең байтақ жерімізді зерттеуге және дамуы мен қалыптасуына жан-жақты үлес қосқан көптеген археологтарды білеміз. Алайда, олардың өмір жолы және ғылыми қызметі жайында деректер толықтай зерттелмеген, ашылмаған күйі қалып келеді. Осы адамдар қатарында, Қазақстан археологиясының дамып қалыптасуына, қазір де еңбектері әлі күнге дейін өзектілігін жоймай, түрлі зерттеулерде қолданылып жатқан, тарихта өшпес із қалдырған Гаяз Абдулвалиевич Кушаевты ерекше атап айтуға болады. Зерттеу жұмысымыздың мақсаты археология ғылымына көп үлес қосқан Г.А. Кушаевтың тарихи бейнесін, ғылыми жолын және археология ғылымындағы жетістіктері мен ашылуларын хронологиялық тұрғыдан саралау болып табылады.

Гаяз Абдулвалиевич Кушаев Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңақазан ауылында 1925 жылы 7 наурызда дүниеге келген.

1943 ж. қаңтар-тамыз айларында Орлов атындағы атқыштар және минометшілер училищесінде курсант болды (Чарджоу қ.).

1943 ж. тамыз айынан – 1944 жылдың мамыр айына дейін Ташкент минометшілер училищесінде курсант (Термез қ.).

1944 ж. маусым-тамыз айларында – қосымша әскер офицері.

1944ж. тамыз – 1945 жылдың қаңтар айлары аралығында – взвод командирі, 224 атқыштар дивизиясының 1-Украин флоты 776 атқыштар полкінің рота командирі (Кушаев, 1967).

1945 ж. қаңтар-ақпан – Ченстохов қаласының ауруханасында емделді.

1945 ж. ақпан-мамыр – взвод командирі, 224 атқыштар дивизиясының 1-Украин флоты 776 атқыштар полкінің рота командирі.

1945 ж. мамыр-тамыз – Львов және Гомель ауруханаларында емделді.

1945-1949 жж. қыркүйек – кіші ғылыми қызметкердің, КСРО ҒА Қазақ филиалы Тарих институтындааға лаборант, Қазақ КСР ҒА (Кушаев, 1967).

1949 ж. Қараша – 1953 ж. маусым – С.М. Кирова атындағы Қазақ Мемлекеттік Университеті Тарих факультетінің студенті. «Тарих» мамандығы бойынша кіші ғылыми қызметкер, ЖОО және орта мектеп жоғары кластарының мұғалімі» деген біліктілік алды

1953 ж. қараша – 1967 ж. қыркүйек – Қазақ КСР ҒА Тарих институты археология бөлімінің кіші ғылыми қызметкері.

1963 жылы А.Г. Максимова., Г.Б. Демченко., Е.И. Агеева., Т.Н. Сенигова., Б.В. Андрианов., П.В. Агапов., Г.Б. Демченко., А.П. Кусургашевтармен бірге Қазақстан археологисының картасын жасады (Акишев, 1960).

1963 жылы – А.К. Акишевпен бірге «Іле өзені өңіріндегі сақ және үйсіндердің ежелгі мәдениеті» атты кітап жазды (Акишев, Кушаев, 1963).

1965 ж. мамыр айынан бастап-тарих ғылымдарының докторы.

1967 ж. қыркүйек айынан бастап – А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының тарих кафедрасының доценті.

1969 ж. – доцент ғылыми дәрежесін алды.

1973-1974 жж. – Орал педагогикалық институты КСРО тарихы кафедрасының меңгерушісі.

1974-1990 жж. – сол кафедраның доценті.

1975 ж. – Орал облысының археологиялық картасын жасады (Кушаев, 1975).

1990 ж. 29 мамыр – өмірінің соңына дейін ОПИ-ның КСРО тарихы және жалпы тарих кафедрасының профессоры. 1992 ж. 16 тамызда қайтыс болды.

1992 жылы қайтыс болғаннан кейін «Орал өңірінің тарихының ежелгі жинағы» атты монографиясы жарық көреді (Кушаев, 1993).

Г.А. Кушаевтың өмірі қызмет туралы мұрғататтық мәліметтер және тікелей информаторлардан ақпарат жинау мақсатында, осы мақала авторы Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласына арнайы іс-сапар ұйымдастырып, Г.А. Кушаев 30 жыл жұмыс істеген университет қабырғасынан көптеген құнды деректерге қол жеткізді. Нақтырақ айтатын болсақ, олар М. Өтемісов атындағы Батыс Қа-

зақстан Мемлекеттік Университетінің мұрағатынан Г.А. Кушаевтың жеке іс-парағы, айлысқан қазба жұмыстарының қорытындылары, суреттері, сызбаларымен нәтижелері анықталды. Сонымен қатар белгілі археологпен жұмыс істеген кафедра профессорлары, жақсы араласқан және бірге қазба жұмыстарына шыққан шәкірттерімен, жеке өздері танымаса да ол жайында көп естіген адамдармен кездесіп, осы күнге дейін жария болмаған деректер алынды.

Г.А. Кушаев туралы жылы сөздер, өмірі жолы және қандай адам болғандығы жайында өздерінің естеліктерімен бөліскен тарихшы, тарих ғылымдарының докторы Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы, Қазақстан Қызыл ай филиалының директоры Тенишева Светлана Владимировна, ф.ғ.д., Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік зерттеу орталығының меңгерушісі Давреев Павел Анатольевич, «Старый Уральск» ЖМТҚ директоры Мухин Геннадий Леонидович, т.ғ.д., профессор Сдыков Мұрат Наурызғалиұлы, т.ғ.д., профессор Жұмағамбетов Талғат Смағұлов, Райымқұлов Бейбіт және т.б.

Қорытындылай келе Гаяз Абдулвалиевич Кушаев Қазақстан археологиясын жаңа деңгейге көтерген талантты археолог, Қазақстан археологиясының патриархтарының бірі, қазіргі таңда көптеген археологтар жылдар бойы қолданып келе жатқан Қазақстанның археологиялық картасын жасағандардың бірі және Орал облысының археологиялық картасының авторы, Батыс Қазақстан археология мектебінің негізін қалаушы. Осындай елі үшін ерең еңбек сіңірген археологты ескесактау мақсатында елімізде тек 2002 жылы Кушаев оқулары мен Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінде студенттерге арнап Г.А. Кушаев атындағы грант беріледі.

Акишев К.А. Археологическая карта Казахстана. – Алма-Ата. АН КазССР. 1960.

Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или // Алма-Ата: 1963. – 320 с.

Рукопись карты с описанием 1036 памятников. – Уральск: 1975.

Кушаев Г.А. Этюды древней истории степного Приуралья. – Уральск. 1993. – 120 с.

Кушаев Гаяз Абдулвалиевич. Личное дело с 1967 по 1992 гг. 0-18. Св-3 ок.

ЛИЧНЫЙ ЛИСТОК

по учету кадров



1. Фамилия Кушаев
имя Гайз отчество Абдуллашевич
2. Пол муж. 3. Год, число и м-ц рождения 2-го. 1925г.
4. Место рождения с. Новая Козинка, Джамгал-сого р-на Зам. Коз-аш обл.
(село, деревня, город, район, область)
5. Национальность татарин 6. Соц. происхождение служащий
7. Партийность чл. КПСС партстаж после 1946 партбилет № 14495726
(месяц и год вступления) к/карточка
8. Состоите ли членом ВЛКСМ, с какого времени и № билета —
9. Образование высшее

Название учебного заведения и его местонахождение	Факультет или отделение	Год поступления	Год окончания или ухода	Если не окончил (то с какого курса ушел)	Какую специальность получил в результате окончания учебного заведения, указать № диплома или удостоверения
<u>Казанский государственный Университет им. Карла</u>	<u>истори-ческий</u>	<u>1948</u>	<u>1953</u>		<u>кандидат ист. наук.</u> <u>студент</u> <u>№ 736188</u>

10. Какими иностранными языками и языками народов СССР владеете ни одним
читаю, пишу со словарем.
(читаете и переводите со словарем, читаете и можете объясняться, владеете свободно)

11. Ученая степень, ученое звание Кандидат Ист. наук, ист. наук.

12. Какие имеете научные труды и изобретения

7 научных статей, соавтор 2 монографий:
Археологическая карта Казань, 1960,
Фривид Криворо Сави и учебн. динни р. Иш, 1963.

Сурет 3. Г.А. Кушаевтың жеке іс парағы (БҚМУ архиві)

ПРОБЛЕМЫ КОНСЕРВАЦИИ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ КИМАКСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Динамичное развитие археологии и накопление огромного количества археологического материала выдвинули ряд фундаментальных проблем, над которыми работает не одно поколение специалистов как в области теоретической, так прикладной археологии. Поэтому решение фундаментальных проблем, связанных с развитием археологии, приобрело первостепенное значение в современной науке как в мировом масштабе, так и в казахстанской научной мысли, в частности. К таким проблемам относятся датировка и происхождение культуры; смена археологических эпох, консервация памятников той или иной культуры, музеефикация.

Одним из поздних государственных образований на севере Центральной Азии в древнетюркскую эпоху было объединение (или конфедерация) кимако-кыпчаков с центром на Иртыше. Появление его в казахской степи в IX веке во многом связано с гибелью Уйгурского каганата, а время существования в основном совпадает с периодом господства енисейских кыргызов в Центральной Азии. С падением Уйгурского каганата многочисленные племена от Алтая до Сырдарьи переселились в Прииртышье.

Тюрки-кочевники смогли подчинить местное самодийское население, что послужило основой для более сложной социальной и политической организации. Более того, само кочевое население делилось на семь племенных групп (ими, кимаки, татры, байандуры, кыпчаки, ланиказы, аджлады), из которых две (ими и кимаки) возвышались над остальными (Кумек, 1972, с. 35). В результате в Кимакском каганате во второй половине IX в. существовала трех-четырёхуровневая иерархия, что способствовало начальным этапам формирования раннегосударственных структур.

Большинство арабо-персидских сочинений IX-XI вв. рассматривают кимаков как исключительно кочевой народ, с одним лишь го-

родом – резиденцией кагана (Кумеков, 1972, с. 116). В то же время в мусульманской историографии нашли отражение и такие факты, как существование центральной администрации и наместников, административного деления, письменности, фискальной политики в каганате, развитие в центре каганата 16 городов, добыча серебра и т.д. (Кумеков, 1972, с. 66). Однако подтвердить значительную часть этих оценок с помощью данных археологии пока не удастся. Исходя из всего этого, перед нами встает вопрос: сформировалось ли у кимаков государство или нет? Вероятно, данная тенденция общественно-политического развития не была полностью реализована в связи с распадом кагана в начале XI в.

Следует также заметить, что выделение археологической культуры кимаков, несмотря на большое количество археологических памятников, представляет сложную и окончательно нерешённую проблему. Так, некоторыми исследователями было предложено идентифицировать с кимаками (в широком – этнокультурном – значении термина) памятники сросткинской культуры Северного Алтая и прилегающих районов юга Западной Сибири, что соответствует широкому расселению кимакских племён по сведениям письменных источников (Савинов, 1984, с. 103-118).

Между указанными точками зрения нет принципиального противоречия, так как государство кимаков по самой сути своего происхождения было полиэтническим образованием, в состав которого входили как собственно кимаки (йемеки), так и другие тюркоязычные, а также, по всей вероятности, и находящиеся в процессе тюркизации племена. Близость восточноказахстанских (собственно кимакских) и североалтайских (сросткинских) материалов полностью подтвердилась раскопками аналогичных памятников на Западном Алтае, соединивших в единый ареал зону распространения культурных традиций, центр сложения которых находился на Иртыше.

Но все же, с учётом высказанных выше положений, мы считаем, что следует разделять археологические памятники Прииртышья, идентифицируемые с собственно кимаками; и памятники сросткинской культуры, оставленные племенами, входившими в состав кимако-кыпчакского объединения, в том числе и кыпчаками. Раскопки археологических памятников позволяют выделить характерные

черты погребального обряда: одиночное захоронение с конем или шкурой коня; захоронения в подбоях в деревянных гробах с конем или предметами конской упряжи. Преимущественная ориентировка всех погребенных – восточная и северо-восточная (Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К., 2006, с. 94).

Наиболее крупным памятником VII–IX вв. на территории Павлодарского Прииртышья является Бобровский могильник, исследованный Ф.Х. Арслановой. Для него характерны одиночные погребения, трупосожжения в сочетании с сопроводительным захоронением коней, могильные ямы с подбоем, деревянные рамы, широкое использование бересты при сооружении внутримогильных конструкций (Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К., 2006, с. 104). В других могильниках Павлодарского Прииртышья встречаются захоронения черепов и конечностей коня, погребения в овальных могильных ямах с перекрытием из березовых бревен, захоронения в «деревянных ящиках», расположение нескольких могил под одной курганной насыпью, керамика и кости животных в насыпях курганов (Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К., 2006, с. 113). В Павлодарском Прииртышье нет квадратных оград из горизонтально уложенных плит с вертикально стоящими стелами, «длинных курганов» и погребений в каменных ящиках, которые получили распространение в сросткинской археологической культуре (Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г., 2005, с. 185).

Согласно сведениям восточных авторов, «Страна кимаков» была населена кочевниками-скотоводами и земледельцами. Во владениях кимаков существовали города, часть из них располагалась в Прииртышье. По мнению востоковедов, столица государства – Имакия – могла находиться в среднем течении реки в пределах Павлодарской и Восточно-Казахстанской областей.

Археологами были открыты и изучены археологические памятники периода Кимакского каганата. Но ни одного города или крупного поселения так и не было обнаружено. Большинство из них представлено могильниками и каменными изваяниями.

Таким образом, выделяя кимакскую цивилизацию как отдельную археологическую культуру, мы столкнулись с давней проблемой консервации и музеефикации памятников средневековья. Археологичес-

кое наследие является одним из самых сложных для сохранения и актуализации. С одной стороны, это обусловлено тем, что недвижимые археологические памятники наиболее подвержены воздействию разрушительных природных и антропогенных факторов. При археологических исследованиях памятники также подвергаются разрушению. Не всегда есть возможность консервации и музеефикации вскрытых объектов. Методики археологического изучения памятников без вскрытия культурного слоя в нашей стране применяются редко.

С другой стороны сложности возникают из-за того, что сохранность археологического объекта может быть гарантирована только в случае включения его в охраняемую природную территорию (природный парк, историко-культурный заповедник). Только так можно сохранить целостность археологического комплекса, его историко-культурный ландшафт.

Рассматривая вопросы сохранности археологических объектов, мы пришли к выводу, что в общем корпусе исследований не прослеживается единого подхода к вопросу классификации консервационно-реставрационных работ. Так, российский исследователь В.И. Фёдоров выделяет две группы консервационных мероприятий: к первой относит архитектурно-технические меры, направленные на конструктивное укрепление памятника (дополнения к его существующим объемам с использованием реставрационных методов воспроизведения отсутствующих элементов), а ко второй – физико-химические средства защиты подземной и наземной частей кладки как наиболее перспективные и дающие возможность без каких-либо изменений памятника эффективно обеспечить его дальнейшую сохранность (Федоров, 1965, с. 9–15).

Б.Л. Альтшуллер и О.Н. Постникова выделяют и описывают методы консервации, анастилоза, аналитической реставрации и целостной реконструкции (!), уточняя, что выбор конкретного метода обуславливается видом сооружения, степенью его сохранности и предполагаемой формой экспонирования (Альтшуллер, Постникова, 1987, с. 25–34). В публикации Н.Д. Недовича и Л.А. Беляева методы консервации и реставрации сведены к трем основным: методам «колпака», натурной консервации и макетирования (Недович, Беляев, 1987, с. 120–126).

Таким образом, можно констатировать, что в настоящее время остаются актуальными проблемы недостаточной разработанности подходов к консервации памятников археологии на прочной научной и методической основе, направленных на обеспечение физической сохранности памятников археологии.

Переходя на реалии нашего времени и нашего государства, можно отметить, что археологические памятники нанесены на карты землепользования, что позволяет при перераспределении хозяйственной деятельности на землях с находящимися на них археологическими объектами учитывать возможность использования тех или иных участков с учетом охранных мероприятий. Согласно Закону Республики Казахстан от 2 июля 1992 года к историко-культурному наследию относятся все виды археологических объектов, сооружения и предметы, связанные с историческим прошлым народа, развитием общества и государства, историко-культурные ландшафты, уникальные объекты природы, представляющие собой редкостные геологические образования, произведения материальной и духовной культуры, имеющие историческую, научную и художественную ценность.

Но, к сожалению, при любом уровне развития законодательства объекты археологического наследия остаются наиболее уязвимыми. Главная причина в том, что они в отличие от архитектурных зданий (дома, дворцы, усадьбы, храмы и т.д.) находятся под землей, многие из них до сих пор не обнаружены. Еще одна особенность археологического наследия в том, что каждый год, особенно после обретения независимости, в Казахстане становятся известными сотни новых археологических объектов, и это существенно осложняет организацию их охраны. И третья особенность археологического наследия – неповторимость каждого археологического объекта (кургана, городища, поселения и т.п.) и невозможность его воспроизведения. В этом его уникальность и неповторимость.

Важную роль в определении процесса самоидентификации и консолидации народа играет проблема сохранения историко-культурного наследия – одно из главных направлений в сфере культуры Республики Казахстан. В статье «Семь граней Великой степи» Глава государства продолжает линию на сохранение и популяризацию исторических памятников и истории Казахстана. «Семь граней Ве-

ликой степи» так же, как и программа «Рухани жангыру», – это формирование национального самосознания казахстанцев. В этом направлении большое значение имеет работа по восстановлению истории казахского народа, исследованию сакральных мест. Памятники историко-культурного наследия связывают между собой поколения и требуют сохранения и изучения культурных ценностей.

Таким образом, после выявления сакральных мест и принятия подзаконных актов главной проблемой в сфере государственного учета и охраны объектов археологического наследия должно стать, на наш взгляд, формирование Единого реестра объектов культурного наследия (памятников истории и культуры) казахского народа, включающего проведение мероприятий по кадастровой съемке земельных участков, занятых археологическими объектами, создание кадастра охраняемых государством земель, на которых расположены археологические объекты.

Альтшуллер Б.Л., Постникова О.Н. Методические проблемы долговременного сохранения каменных архитектурно-археологических памятников // Методические основы охраны и использования памятников археологии. М., 1987. С. 25–34. С. 30.

Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана: Учебное пособие для студентов вузов. – Алматы: Казак университети, 2006. – 355 с.

Кляшторный С.Г., Д.Г. Савинов. Степные империи древней Евразии// СПб: Филологический факультет СПбГУ. 2005. – 346 с.

Кумеков, Б. Е. Государство кимаков IX – XI вв. по арабским источникам – Алма-Ата: Наука, 1972. – 157 с.

Недович Н.Д., Беляев Л.А. Из практики объединения «Росреставрация» по консервации и музеефикации памятников археологии // Методические основы охраны и использования памятников археологии. М., 1987. С. 120–126.

Савинов Д.Г. Народы Южной Сибири в древнетюркскую эпоху// Л., изд-во ЛГУ. 1984. – 174 с.

Федоров В.И. Некоторые вопросы методики консервации каменной кладки // Сообщения НМС по охране памятников культуры Министерства культуры СССР. М., 1965. Вып. 1. С. 9–15.

ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕТТЕЛУІ

Бүгінгі қазақ халқы өзінің өсіп-өнуін алғашқы қауымдық құрылыстағы ру-тайпалардан бастағандығын ешбір жоққа шығаруға болмайды. Халқымыздың тарихи кезеңдерін, оның көне және орта ғасырлардағы тарихын білу үшін көп жағдайда археологиялық зерттеулер қажет.

Археология-тарих ғылымының көне дәуірлерін, оның ескерткіштерін зерттейтін басты бір саласы. Ол қандай ескерткіштер: алғашқы адамдардың тастан құрал-сайман жасайтын жерлері немесе олар тұрған үңгірлер, қоныстар, зираттар, орта ғасыр дәуіріндегі қыстақ кенттер, қалалар, қорғандар. Тарихшылар сол археологиялық деректерді пайдаланып, жерімізде өмір-сүрген алғашқы қауымның өмір-сүрген алғашқы қауымның өмір тіршілігінің тарихын жазады.

1946 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылып, оның ішінде Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының ашылуы жерімізде халқымыздың көне орта ғасыр дәуірлерінің тарихын зерттеуде көптеген жаңалықтар аша бастады. Осы жылдан бастап академик Ә.Х. Марғұланның басшылығымен ұйымдастырылған Орталық Қазақстанның археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ) осы күнге дейін археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Ә.Х. Марғұлан өзінің 30 жылдан астам жүргізген ғылыми жұмыстарында жүздеген ғылыми мақалалар мен ондаған монографиялар жазды. Оның ішінде Ә.Х. Марғұланның тікелей қатынасуымен Қ. Ақышев, М. Қадырбаев, М. Оразбаевтармен бірге жазған «Орталық Қазақстанның ежелгі дәуірдегі мәдениеті» атты кітабы халқымыздың көне дәуірлерінің тарихына қосылған үлкен бір үлес болып табылды. Өзінің 50 жылдар аяғында жазған еңбектерінде «жерімізде алғашқы адамдар тұрған үңгірлердің кездесуі, құралдардың табылуы көне тас дәуірінің болғандығын дәлелдейді». Егер ол кезде көне тас дәуірінің ескерткіштері

ашылмаса, ал 50-ж аяғында 60-жылдардың басында қазақтың көрнекті археолыгі, тас дәуірінің маманы Х. Алпысбаев Оңтүстік Қазақстаннан Бөріқазған, Тәңірқазған, Шабақты деген жерлерден көне тас дәуірінің тас құралдарын және қоныстарын (Қараүңгір) тауып, біздің жерімізде алғашқы адамдардың Отаны болғандығын бүкіл дүниеге танытқан жаңалығы «Оңтүстік Қазақстанның төменгі тас дәуірі» деген монографиясымен белгілі болды. Бұл жаңалақтың маңызды екендігін, оның дүние жүзіндегі көне тас дәуірінің зерттеуіне қосылған жаңа бір бет болғандығын әйгілі тас дәуірінің маманы академик А.П. Окладниковты даптап өткен. Бұл жаңалықтан кейін Қазақстанның алғашқы адамдар дәуірінің зерттелуіне үлкен бір серпіліс туғандай болды. 1970-80 жж. арасында бүкіл Қазақстан жері бойынша ежелгі дәуірлердің зерттелуі кеңейе түсті (1).

Ал 80-ж. бастап, жеріміздегі ежелгі дәуірдің зерттелуі жаңа тұрғыдан қайта көтеріле бастады. Ежелгі дәуірдің маманы тарих ғылымының докторы Ж.Қ. Таймағамбетов көне тас дәуірінің зерттелуіне белсене кірісуде. Еңбекқор жас ғалым өзіне дейінгі және өзінің ашқан жаңа материалдарын жинақтап, бүкіл Қазақстанның ежелгі дәуірін қайта қарастырып, жаңа хронологиялық кезеңдер ұсынды.

Жеріміздегі алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау кезеңіндегі ескерткіштері және оның зерттелуінің өзіне тән тарихы бар. Бұл дәуірде аталық құрылыс қалыптасып, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағы дами түседі. Археологиялық зерттеулерге қарағанда, аталық құрылыстың дамуы біздің дәуірімізге дейінгі III мың жылдықтың арасын қамтиды. Көне дәуірдің ғылыми тілімен айтқанда, бұл дәуір қола дәуірі деп аталады. Оны зерттеуде жоғарыда атап өткен Ә.Х. Марғұлланның зерттеу жұмысының маңызы өте зор болды. 70 ж. аяғында ғалымның «Беғазы-Дәндібай» атты монографиясы жарық көрді. Бұл кездің ескерткіштерін зерттеуде жемісті ғылыми еңбек сіңірген орыс ғалымдары М.П. Грязновты, С.С. Черниковты, В.С. Сорокинді қазақ археологтары К.А. Ақышевті, М.Қ. Қадырбаев, М. Оразбаев сияқты т.б. көптеген ғалымдарды айтуға болады. Соңғы кезде қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеуде жаңа буындар пайда бола бастады. Оларға Ж. Құрманқұлов, Г.Б. Зданович, В.В. Евдокимовтардың еңбектерін жатқызуға болады (2).

Халқымыздың халық болып қалыптасуына негізгі бір арқау болған мезгіл, археологиялық ғылыми тілмен айтқанда, темір дәуірі (б.д.д. VII-IV ғ.ғ.). Бұл кезеңінің алғашқы мезгілдерге қарағанда, өзіне тән бір ерекшелігі - жазба деректердің пайда болуы. Ол кезде жерімізде өмір сүрген ру-тайпалардың немесе тайпалық одақтардың аты-жөндердің сақталуы, археологиялық материалдарды жазба деректермен салыстыра отырып зерттеуге мүмкіндік береді. Ал ондай зерттеу тарих ғылымына үлкен жаңалықтар әкеліп, іздену жұмыстарына жеңілдіктер туғызады. Егерде парсы, грек, қытай жазба деректерінен жерімізде сақ, үйсін, қаңлы сияқты т.б. тайпалар одақтарының өмір сүргендігін білсек, ал археологиялық зерттеулердің материалдарынан олар айқындалып нақтылай түсетіндігін байқау қиын емес. Жерімізде, темір дәуірінің немесе алғашқы жартылай көшпенді мал өсіруші тайпалардың ескерткіштерін зерттеуде ғылыми еңбек сіңірген П.С. Рыков, М.П. Грязнов, М.И. Артамонов, Б.Н. Граков, А.Н. Бернштам сияқты ғалымдарды айтуға болады. Ал қазақ ғалымдарының ішінде темір дәуірінің мамандары К.А. Ақышев пен М.К. Қадырбаев, А.Г. Максимовалардың қазақ жеріндегі темір дәуірінің зерттеуіне қосқан үлестері көп. Әсіресе тарих ғалымдарының докторы К.А. Ақышевтың Жетісу жеріндегі «Бесшатыр» және «Алтын киімді» адам обаларын зерттеуі, олардан алынған материалдар жеріміздегі сақ тайпаларының мәдени деңгейінің кандай дәрежеде дамығандығын бүкіл дүние жүзіне паш етті. Ғалымның пікіріне қарағанда, сақ тайпаларында әлеуметтік теңсіздіктің болғандығын, бұл тайпалық одақтардың мемлекеттік дәрежеде өмір сүргендігін нақты материалдармен дәлелдейді. Ал М.К. Қадырбаев Орталық Қазақстан бойынша Тасмола мәдениетін ашып, оның жергілікті жағдайға байланысты өздеріне тән ерекшеліктерін айқындайды. Ғалым бұл кезеңнің Қазақстан бойынша деректерін қорытылындай келіп, темір дәуірінің кезінде өмір сүрген тайпалардың үш түрлі жолмен дамығандығын дәлелдейді. 1990 жылдары Алтай өңірінде археолог З. Самашевтің «Берел» обасын ашуы Қазақстан археологиясына және бір маңызы зор жаңалық қосты (Байпақов, Нұржанов, 1992).

Халқымыздың ортағасырлық (VI-XVIII ғғ.) тарихы өзінің зерттелуі жағынан кешірек басталса да (1950 ж.) ғылыми тұрғыдан жемісті

болып отыр. Орта ғасыр тарихы негізінен үш кезеңге бөлініп қарастырылуда. Алғашқы орта ғасыр (VI-IX ғғ.) орта ғасырдың орта кезі, (X-XII ғғ.), соңғы орта ғасыр (XII-XVIII ғғ.). Археологиялық ескерткіштері қалалардың төбе болып қалған орындары, кенттер мен қыстаулардың жұрттары, обалар, тасқа салынған суреттер. Зерттеушілерден алғашқы болып Ә.Х. Марғұлан, А.Н. Бернштам, И. Агеева, И.П. Акеевич, Т.Н. Сениговалардың жемісті еңбек екенін айтуға болады.

Ортағасырлық мәдениеттің ерекше қарқынмен зерттеле бастаған кезі 60 жылдардың аяғында К.А. Ақышевтің басшылығымен құрылған (ОҚКАЭ) Оңтүстік Қазақстан комплекстік археологиялық экспедицияның 20 жылдан астам жүргізген жұмыстарының нәтижелі болуы. Әсіресе, Отырар қаласының кең көлемде зерттелуі. Бұл жұмыстың нәтижесінде, «Көне Отырар», «Орта ғасырдағы Отырар», «Соңғы орта ғасырдағы Отырар» болып үш үлкен монография жарыққа шықты. Қаланың зерттелуіне байланысты оның аймағына жүргізілген археологиялық барлау жұмысы да Оңтүстік Қазақстандағы осы уақытқа дейін белгісіз болып келген қалалардың жұртын тауып, халқымыздың тарихына жаңа беттер қосылды. Әсіресе, орта ғасырлық қалалардың зерттелуіне үлкен үлес қосты осы дәуірдің маманы археолог К.М. Байпақовтың еңбегі ерекше. Оның белсенді еңбек етуінің арқасында 6-7 монографиялық кітаптары жарыққа шығып, екі жүзге жуық ғылыми мақалалары жарияланған. Орта ғасыр дәуірін зерттеуде Л.Б. Еракович, Н.П. Подушкин, Б. Нұрмағамбетұлы, З.С. Самашев, Е.Б. Смағұловтардың ғылыми жұмыстарын атап өтуге болады (Қазақстан тарихы, 1996, 1998).

Халқымыздың этникалық құрылымын зерттеуде ортағасырлық дәуірдің орта кезеңі маңызы өте көп. Бұл мезгілдің ішінде жерімізде түркі тілдес қимақ, қыпшақ, қарлұқ, оғыз, түргеш, сияқты көптеген тайпалар өмір сүрді. Олар жай ғана өмір сүріп қойған жоқ, елдік, мемлекеттік дәрежеде өмір сүрген, олардың саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық жағдайлары терең зерттелуі қажет. Қазақ халқының этникалық құрамының қандай дәрежеде құрылғандығы жан-жақты терең зерттеп, салалап айтуға болады. Бұл салада археологтарымыз С.М. Ақынжанов, Ф.Х. Арсланова, Ю.И. Трифонов, Б. Нұрмағамбетовтердің ғылыми еңбектерін айтуға болады.

XV-XVI ғғ. Қазақ халқы калыптасып, өзінің «қазақ» деген атымен тарих сахнасына шыққанын білсек, бұл кезеңінің де өзіне тән археологиялық ескерткіштері болғандығын ескерген жөн. Әрине, олардың зерттелуі өте кеш басталған. Халқымыздың тарихында «қазақтар тек көшпелі өмір сүрген» деген пікір орын алған. 1970 ж. «Қазақ ССР ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археология бөлімінің», қазіргі Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының құрамында палеэтнография бөлімшесі құрылып, Оңтүстік, Оңтүстік шығыс, Орталық Қазақстан жерінде 20 жылдай зерттеу жұмысын жүргізуінің нәтижесінде, жүздеген қыстақ-кенттер мен қыстаулардың, бекініс қорғандардың орындары белгілі болды. Олардың материалдары өз кезінде ғылыми жинақтарда жарық көріп, 1996 ж. Жетісу тарихы (XV-XVIII ғғ.) монография болып жарық көрді. Халқымыздың мұндай тұрақты қоныс жайларының зерттелуі тарихымыздағы осы уақытқа дейін орын алып жүрген «қазақ таза халық» дейтін ұшқары пікірге тікелей дәлел болып табылады (Қазақстан тарихы, 1996, 1998).

Ақышев К. Отырар келбеті. – Алматы, 1979.

Байпақов К., Ерзакович Л. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы, 1971.

Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы, 1992.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. 1-2 томдар. – Алматы, 1996; 1998.

Қозыбаев М.Қ. Тарихзердесі. 2 томдық. – Алматы, 1998.

Марғұлан Ә.Х., Бәсенов Т., Меңдіқұлов М. Қазақстан архитектурасы. – Алматы, 1959.

С.М. АҚЫНЖАНОВТЫҢ 80-ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙЛАСТЫРЫЛҒАН «АРХЕОЛОГИЯ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

2019 жылдың 15-16 ақпан күндері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Тарих, археология және этнология факультетінің қабырғасында «ЖАҢА МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ» тақырыбында С.М. Ақынжановтың туғанына 80 жыл толуына орай І кезекті конференция өтті. Конференцияның негізгі мақсаты С.М. Ақынжановтың ғылыми еңбектерін дәріптеумен қатар, археология ғылымының соңғы әдістемелері мен жаңалықтары жөнінде ғылыми-тәжірибе алмасу болып табылады. Конференцияға 50-ден астам жас ғалымдармен қатар Зайберт В.Ф., Нұржанов А.Ә., Омаров Ғ.Қ., Ақымбек Е., Утубаев Ж., Қиясбек Ғ., Жұматаев Р., Тулегенов Т., Қызырханов М. сияқты археология саласының үздіктері қатысты.

Конференцияның алғашқы баяндамасы Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Омаров Ғ.Қ. «Дархан даланың дарабозы» атты баяндамасымен басталды. Баяндамада Ғани Қалиханұлы «көзкөрген» С.М. Ақынжановтың өз ісіне адал, нағыз маман, сонымен қатар, Сержан Мұсатайұлының ғылымға деген құлшынысы сөйлескен адамға серпіліс беретіндей әсер қалдыратындығын атап өтті. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының бас ғылыми қызметкері, т.ғ.к. Нұржанов А.Ә. археологтың экспедиция кезіндегі қызықты да әсерлі сәттерімен бөлісе келіп, С.М. Ақынжановтың өзі қатты армандаған Археология институтының ашылуына 12 күн қалғанда өмірден озғанын өкінішпен есіне алды. Археологтың қыпшақтар туралы жазылған еңбегін жоғары бағалап, әрбір археолог оқуға міндетті құнды қазына екенін айтты. Конференцияға университеттің студенттері, маги-

странттары мен докторанттары да белсене қатысып, өздерінің баяндамаларын қорғады. Жас ғалымдарға археологиядағы жаратылыстану ғылымдарының әдісін пайдалану тұрғысынан тәжірибе бөлісу мақсатында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының докторанты, археология «саңлағы» Ғалымжан Қиясбек «GIS түрлері және оны археологияда қолдану» тақырыбында баяндама жасады. Жас ғалымдардың ғылыми баяндамалары С.М. Ақынжановтың еңбектеріндегі қимақ, қыпшақ және тағы да басқа мәселелерге арналып, қазіргі таңдағы археология ғылымындағы өзекті, «ақтаңдақ» мәселелерін сарапқа салып, ой бөлісіп, пікір алмасты.

Конференцияның соңында барлық қатысушыларға С.М. Ақынжанов туралы естеліктер және жас ғалымдардың ғылыми мақалалары топтастырылған жинақ шығарылды. Жинаққа Сержан Мұсатайұлының қызы, драматург Лейла Ақынжанованың әкесіне арнаған естелігі де басылып шықты.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда қазақ археологиясы салыстырмалы түрде кенже қалып келе жатқандығын айта кеткен жөн деп есептеймін. Өйткені, «қара археологтардың» мәселесі өз алдына, ЖШС-тер мен ЖК-тердің «бейхабар» қазба жұмыстары жайындағы есептер қолжетімді мұрағатқа өткізілмейтінін айтпағанда, көптеген археологиялық қазбалардан жинақталған материалдар әлі күнге дейін өз деңгейінде жарыққа шығып, бағаланып жатқаны жоқтың қасы. Өзектілігі осындай мәселелер аталмыш жас ғалымдардың конференциясында талқыланып, толықтай болмаса да болашақта шешілер деген ойдамыз.

АРХЕОЛОГИЯ ЕСКЕРТКІШТЕРІН МУЗЕЕФИКАЦИЯЛАУ ЖОЛДАРЫ

«Музеефикация», термині алғаш рет 1920 жылы академик Ф.И. Шмидтің еңбектерінде қолданылғанымен, ғылыми айналымға 1950 жылдың соңында Ресей мамандарының алғаш музей-қорық ұйымдастыруынан кейін енді. 1960-1970 жылдары музеефикация мәселесі тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау, қорғау, қайта қалпына келтіру жөніндегі мамандарының алдына қойылған негізгі мәселелердің бірі болды (<https://ru.wikipedia.org>. Музеефикация терминінің шығу тарихы, 02.08.2019). Музеефикация термині көбінесе жылжымайтын объектілерге қатысты қолданылады. Музей ісіндегі бұл бағыт Қазақстанның қазіргі заманғы музей саласын дамытудағы маңызды үрдіс болып табылады.

Археология ескерткіштерін музеефикациялау қиын мәселелердің бірі. Деседе, тарих және мәдениет ескерткіштерін оның ішінде археология нысандарын музейлендіру археология және музей саласындағы қызығушылығы басым бағыт. Қазақстанда музей саласының бұл бағыты баяу дамуда, себебі жинақталған мәселелерді шешуде ғылыми әдістердің толық әзірленбеуі.

Ескерткішті есепке алу, тарихи-мәдени жинаққа енгізу, археологиялық картаға қосу оны сақтап бұзылудан қорғағанымен оның тарихи-мәдени бейнесін, мәнін аша алмайды. Археология ескерткіштерін сақтау, қорғау шараларында оларды музеефикациялау дүние жүзі бойынша қазіргі таңдағы ең дұрыс шешім болып табылады. Ескерткішке жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нысанның бүлінуіне, оның үстіне шөп өсіп, кейін көміліп уақыт өте ескерткіштің тарихи құндылығын жоғалтып, тізімнен шығып қалуы қауіпін туғызады. Ал, оларды музеефикациялау оның сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз етеді. Белгіленген Заңдылықтар бойынша археология ескерткіштері тек анықталған орнында музеефикациялануы шарт (<http://adilet.zan.kz>/«Әділет» Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, 02.08.2019).

Әлемдік және отандық тәжірибиедегі археология ескерткіштерін, нысандарын музеефикациялау жолдарын ашып көрсетер болсақ:

Археологиялық ескерткіштерді музеефикациялау кезеңдері: кешенді қазба жұмыстары, консервация (тұмшалау), реконструкция (қайта құру, салу), реставрация (қайта қалпына келтіру) көгалдандыру тәсілі, бағыттаушы анықтамалықтар ілу және экспозициялық интерпретация, қорғау аймағын белгілеу және қоршау.

Археологиялық қазбаларды музейлендіруге әзірлеу үшін төмендегідей жұмыстар атқарылады: қазбадан құмды дұрыс тазалау, қабырғаларын құлаудан сақтау үшін бекіту және қазбаға табиғи түр беру. Егербір ескерткіште әр кезеңнің нысандары болса олардың тарихи дамуын ашып көрсететіндей көрме жасалу қажет.

Археологиялық ескерткіштер: қалашық, қоныс, қорым, суландыру жүйесі, колөнер кешендері яғни ежелгі адамдардың сол уақытта айналысқан шаруаларынан мәлімет беретін кешендер.

Археологиялық нысандар: бөлек құрылыс (археологиялық ескерткіштің құрамында) Мысалы қалашықтың ішіндегі тұрғын үй-жай, қыш күйдіретін пеш т.с.с. Жалғыз археологиялық нысанды музейлендіріп түрлендіруге болады.

Археологиялық жәдігерлер: Археологиялық ескерткіштің немесе нысанның жылжымалы бөлігі. Зерттеу барысында табылған археологиялық заттар. Мысалы: қыш ыдыстар, қару жарак, әшекей бұйым, еңбек құралы т.б.

Археологиялық ескерткіштерді немесе нысандарды музейлендірудің бірнеше әдіс тәсілдері бар. Негізі ескерткіштің сақталған бөлігін музейлендіріп, көрме жасауға болады. Бұл тәсілді мәдени қабаты консервацияланған, бекітілген сазды ағашты архитектуралы ескерткіштерге пайдалануға, жүргізуге болады. Бұл тәсіл ескерткішті сақтауда оны тартымды етіп көрсетіп, халықтың көптеп келуінде үлкен ықпалын тигізеді. Қазіргі таңда археология ескерткіштерін музейлендіруде реконструкция тәсілі қолданылып жүр. Онда ескерткіштің сақталған бөлігі толық жабылады. Бұл тәсілді жақтаушылар ескерткішке келушілерге қызықты әрі түсінікті болады және оларды сақтауда осы реконструкция яғни қайта құру тәсілін ұсынады .

Келесі тәсіл ескерткішті жауын-шашынның әсерінен қорғау үшін төбесін навес, павильон ретінде жабу болып табылады. Бұл тәсілді шетелдерде жақсы пайдаланады. Бұл тәсілдің ерекшелігі ескерткішті жауын-шашынның әсерінен сақтау, қорғау болып табылады (Омаров Г.К., Картаева Т.Е, 2017).

Археология ескерткіштерін, нысандарын музейлендірудің ескі әрі оңай жолы ескерткішті консервациялау арқылы ашық аспан астындағы музей жасау. Бұл тәсіл дүние жүзіне кең тараған. Ежелгі Египеттегі тарихи-мәдени нысандар, Қырым, Кавказ маңы, Жерорта теңізі және РФ ескерткіштері осы тәсіл арқылы музеефикацияланған. Ескерткішті жауын-шашынның әсерінен қорғау үшін төбесін навес, павильон ретінде жабу тәсілі шетелдерде жақсы пайдаланады. Бұл тәсілдің ерекшелігі ескерткішті жауын-шашынның әсерінен сақтау, қорғау болып табылады. 1980 жылдан бастап Сібірде осы тәсіл және оған балама нұсқасы қазбаның төбесін уақытша жабу тәсілін пайдаланып жүр. Бұл тәсіл ескерткіштің мәдени қабатын жауын-шашынан қорғайды (Шалғынбаева С.Х., 2014).

Археология ескерткіштерінің ішінде ерекше орын алатын жартастағы бейнелер. Бұл ескерткіштер археологиялық құндылықтарымыздың қатарынан болғанмен, археологиялық қазба-зерттеу жұмыстарына ешқандай қатысы жоқ. Петроглифтер ерекше тартымды, эстетикалық мәні бар тарих және мәдениет ескерткіштері. Тәжірбиеде петроглифтерді музеефикациялау кейде оларға зиянын тигізіп жатады. Мысалы Франция үңгірлеріндегі бейнелерге, РФ Кемерова облысындағы жартастағы бейнелеу өнеріне байланысты құрылған «Беламор петроглифтері», «Томская писаница ескерткіштеріне адамдардың көптеп келуі атмосфералық режимнің бұзылып, бейнелердің өзгеріп, бүлінуіне әкелген.

Ресейде 1960 жылдан бастап ашық аспан астындағы музейлер пайда бола бастады. Олардың үлкені Ростов облысындағы Танайс музейі. Онда антикалық дәуір қалаларының қалдықтары жақсы сақталған. Воронеж облысындағы Палеолит дәуірінің тұрақтарын музейлендірілген Костенки музейі. Әлемдік тәжірбиеде осы саланың мамандары ашық аспан астындағы музейлердің жақсы жұмыс жасауына олардың қорғау аймағының қатаң сақталуы шарт деп есептейді (Мария Каулен, 2012, 25-48 б.). Археологиялық ескерт-

кішке жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарына музей қызметкерлерінің қатысуы қажет. Қазба жұмыстары барысында экспедиция мүшелері археологтар өз жұмыстарын атқарып, музеефикация төңірегіне қатысты сұрақтарды шешуді музей қызметкерлеріне қалдырады. Бірақ музейлерде бұл саланың мамандары жоқтың қасы. Сондықтан Бұл жұмыстарды археолог, этнолог, реставратор шеберлер және музей мамандарының тобы бірігіп жасаса археология ескерткіштерін немесе нысандарын музеефикациялау келешегі жарқын болады.

Кейінгі он жылда шет елдерде археология ескерткіштерін музейлендіру үшін ескерткішті қайта құру, жаңарту жұмыстарын жүргізу кең тараған. Осылай «археологиялық парктер», «археодром» қалыптаса бастады. Осы тәсілмен жасалған РФ «Томская писаница», «Тюльберский городок» музей-қорықтары бар. Қайта құру, жаңарту жұмыстары археологиялық көрмелерді келушілерге тартымды әрі түсінікті етіп қоймай музей жүйесіндегі коммуникацияны жеңіл етіп көрсетеді. Алайда бұл шешімді тек ескерткіште археологиялық жәдігерлер табылған жағдайда пайдалану мақұлданған, керсінше болған жағдайда ол күмәнді әрі қауіпті болады (Булатов Н.М., 1997, 102 б.).

XX ғасырдың соңына қарай ежелгі адамдардың мәдениеті, өмірі, іс-әрекеттері бейнеленген көрмелі ескерткіштер «тірі археология» термині енгізілді. Шет елдерде ересек адамдар, балалар, жастар қаланың шуынан шаршаған уақытта, өркениеттен тыс алғашқы қоғамдағы, отты жағу, тамақ дайындау негізінде қайта жаңартылып, құрылған музейлерге бірнеше күн демалуға келеді. Мысалы РФ «Томская писаница» қорық-музейінде келушілер тас және қола дәуіріндегі садақ, найза, гарпун көшірмелерімен аздап жаттығуға, ежелгі адамдардың аулаған аң сұлбаларын тамашалауға, тир атып демалуға мүмкіндік жасалған (Мартынова Г.С., Покровская А.Ф., 2000, 97-105 б.).

Уақыт өте келе музеефикацияланған археологиялық ескерткіштерді заманауи жетілдірілген тәсілмен зерттеуге үлкен мүмкіндіктер болады. Музейленген археологиялық ескерткіштер әлеуметтік-экономикалық, тарихи-географиялық ортасына қарай туристік орынға айналады. Сонымен қатар, археологиялық ескерткіштерді,

нысандарды музейфикациялау олардың тарихи-мәдени бейнесін қалпына келтіріп қана қоймай сақталуы, қорғалуымен де құнды болып табылады.

РФ «Томская писаница» музей-қорығының негізін салушы академик А.И. Мартынов археология ескерткішін музейфикациялауда ескерткіштің ғылымда және қоғамда алар орны маңызды екендігін айтады. Соның ішінде, коммуникация (ескерткішке барар жол, жарық, су т.б.), сақталу деңгейі, жақын елді мекеннің болуы мен қатар халықтың келуі маңызды деп санайды (Мартынов А.И., 2010, 84-88б).

Олай болса, осы деректерді негізге ала отырып еліміздегі археология ескерткіштерін немесе нысандарын музейлендіру шараларын жүзеге асыруға болады. Ол үшін:

- Кешенді археологиялық қазба-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- Қазба барысында анықталған құрылыс нысандарын консервациялау, сақтау, қайта қалпына келтіру және музейфикациялау;
- Археологиялық ескерткіштер төңірегіндегі нысандарға туристік маршруттар ұйымдастыру;
- Студенттер мен оқушылардың оқу процестеріндегі тақырыпқа сай әдістемелік сабақтарды ескерткіш басында ұйымдастыру, ғылыми-тәжірбиеден өтетін орынға айналдыру жұмыстарын жүргізу қажет.

Археологиялық мұраларды музейфикациялау негізінен туризм саласын дамытып, археологиялық нысандарды жаңа қырынан түрлендіріп қазіргі қоғамға сай пайдалануға мүмкіндік береді. Музейфикация бұл заман талабы. Елімізде археологиялық ескерткіштерді музейфикациялау жаңа әрі тың бастама. Дегенмен ол үшін қаржылай көмек, археолог, реставратор мамандарының бірігіп әрі белсенді жұмыс жасауын қажет етеді. Келешекте атқарылатын бұл жұмыстардың нәтижесі отандастарымызға және шетелдік қонақтарға туристік мәні бар ескерткіштерімізді таныстыруға, ішкі туризмді дамытуға өз әсерін тигізеді. Ал, туризм саласы экономиканың ең табысты салаларының бірі екені баршамызға белгілі. Сонымен қатар еліміз туралы ғылыми-тарихи білім көкжиегі кеңейе түспек.

<https://ru.wikipedia>. Музеефикация терминінің шығу тарихы, (қаралған күні: 02.08.2019).

«Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпарат-тық-құқықтық жүйесі <http://adilet.zan.kz/>. (қаралған күні: 02.08.2019).

Омаров Г.К., Картаева Т.Е. Музей нысандарын реставрациялау және консер-вациялау. Әдістемелік нұсқаулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 100 б.

Шалғынбаева С.Х. Ашық аспан астындағы музейлер.– Алматы: Қазақ универ-ситеті, 2014. – 107 б.

Мария Каулен. Музеефикация историко-культурного наследия России. –М.: Этерна, 2012. – 379 с.

Булатов Н.М. Проблемы музеефикации археологических памятников // Археологический фактор в планировочной организации территории. – М., 1997. – 280 с.

Мартынова Г.С., Покровская А.Ф. Исследователи Томской писаницы. – Кеме-рово, 2000. – 298 с.

Мартынов А.И. Современные проблемы музеефикации памятников архео-логического наследия //Вестник АлтГПА: музееведение и сохранение истори-ко-культурного наследия. – М.:2010. – С. 84 – 88.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖАСТАРҒА ЖАРҚЫН ЖОЛ!

Рухани жаңғыру – бұл біздің сана сезіміміздің, білім мен өмір сүру тәсіліміздің көрсеткіші. Ал,біздің рухани байлығымыз бірінші кезекте, біздің білімділігімізден, ана – тілімізді білуіміз бен мәдени деңгейімізден, дүниетанымдық ой-өрісімізден көрінеді. Біз түбегейлі жаңғыру арқылы – болашаққа кедергісіз өте аламыз. Ол үшін біз заман ағымынан қалмай, саналы түрде бейімделуіміз керек. Сондықтан да, Елбасының бағдарламалық мақаласы жас ұрпаққа, яғни бізге арналған деп ойлаймыз. Өйткені, болашақ – жастардың қолында. Жаңа жағдайға серпіліс, жаңғыруға ұмтылыс – біз үшін басты міндет болуы керек. Елбасымыз жаңа жаһандық үрдіске сай болу үшін жастарға, яғни бізге үлкен үміт артты.

Бұл мақала халық үшін де,жастар үшін де өзіндік орны ерекше. Біздің басты мақсатымыз-мақаланы талқылау емес,оның жүзеге асуына ықпал ету. Өзіндік ерекшелігімен бірге тәуелсіздікті тілге тиек етсек,бірінде біздің болашағымыздың дамуына үңіліп,рухани мұраны жаңғыртуға тоқталамыз. Әрине қазақ қазақтығынан таймау керек. Дәстүріміз, ұлттық санамызға сіңіп кеткендіктен рухани мұраның жойылуы мүмкін емес.

Рухани жаңғыру – біздің салт-санамыз бен дүниетанымымызды өзгертетін қозғаушы күш. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласын оқып шығып, осындай ой түйдім. Оның айтуынша, бұл ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін ілім-білімге ұмтылып, жан-жақты жетілген жөн.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын ықыласпентүйсіне оқығаны анық. Олай дейтінім, мақалада «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген жолдардың астарында үлкен мағына жатыр.

Шынында да рухы биік азаматтары бар елдің іргесі мәңгілік болары хақ (Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру, 2017).

Елбасының жыл басындағы халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталды деп жарияланды. Қайта жаңғырудың екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алып жатырмыз. Осы жұмыстарды жүзеге асыру үшін әрқайсымыздың санамыз ісімізден озып жүруі, одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс, делінген мақалада. Шындығын даулеттік рухы, руханияты жоғары, мәдениеті озық ел көп нәрсеге қол жеткізетіні анық. Және ұлттық бірегейлікті сақтау ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін қажет етеді. Елбасы ұлттық мәдениетті сақтай отырып жаңғыру және ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту қажет екенін қазақстандықтардың түсіне білуі керек екендігін баса айтады. Мақаладағы «Туған жер» бағдарламасын қолға алу ұсынысы жас ұрпақты тәрбиелеуге дәл және уақытында айтылған нақты тапсырма деп білемін. Әрбір адамның жүрегінде кіндік қаны тамған жеріне, өскен ауылына, туған жеріне деген сүйіспеншілік, құрмет болмайынша – Отан деген Ұлы ұғымға адал қызмет ету, жан дүниесімен беріле сүйеу екіталай.

Расында, жастайынан дін мен дәстүрімізді, тағылымды тарихымызды оқып, сусындап өскен ұрпақ теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде кетпейді. Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің тұғыры биік, іргесі берік болмақ.

Неғұрлым тұтастыққа жету үшін елді айшықтап тұрған ұлттың танымдық, тәрбиелік маңызға бай әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері қажет. Кез келген халықты өзінің төлтума рухани құндылықтары мен ізгі қасиеттері ғана біріктіре алады. Елбасы мақалада осы ұстанымды айқын көрсетіп берді: «...Жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады... Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу» (Назарбаев, 2017, 51 б).

Бұл – тектен тек айтыла салынған жүрек қалауы емес, бүгінгі өркениетті, озық технологиялы, жаһандық ықпалдасудан, керек де-сеңіз, түрлі қауіп-қатерден қорғану жолы. Осы орайда ұлтымыздың белгілі ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Қасыңнан да, досыңнан да бірдей сақтан», – деген сөзі ойға оралады. Сақтанудың басы –

өзіне қатысты рухани құндылығынды түгендеп, кейінгіге мұра етіп қалдыру (Байтұрсынов, 1926,17 б)

Әр халық ел болып ғұмыр кешуі үшін жастардың санасына ұлттық құндылықтарын сіңіріп, рухани болмысымен өмір сүруге баулиды. Елбасының осы мақалада көтерген тағы бір маңызды, өзекті мәселесі – туған жерге деген махаббат. Президентіміз: «...Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», – деп атап өтті. Расында, өзінің туған жерінің, туған өлкесінің көркеюіне үлес қоса білген азамат бүкіл елдің игілігі үшін қызмет ете алады. Міне, патриотизм дегеніміз туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерді қорғау, туған еліңе қызмет ету білімнің көптігінен емес, елдік санаға, туған еліңе деген махаббатқа байланысты екен. Алаш арысы Әлихан Бөкейхан: «Халыққа қызмет ету – білімнен емес мінезден», деп бекер айтпаса керек. Осынау парасатты пікір Абайда да бар: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол». Бұл – ұрпақтан-ұрпаққа алмасып отырған «елдік сана» желісі. Елбасының мақаласында айтылған осынау асыл құндылықтар санамызда жаңғыртып, жан-дүниемізді тағы бір серпілтті. Сонымен қатар, «Туған жер» бағдарламасы еліміздегі жомарт жандардың өзінің туған еліне шарапатын тигізіп, қайырымдылық іс-шараларға үлкен үлесін тигізуге ықпал етеді деген сенімдеміз.

Кез келген қоғам ұзақ уақыт бойы жинақталған тәжірибені келесі ұрпаққа ізгі дәстүрінсіз жеткізе алмайтынын есте сақтағанымыз абзал. «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – деп Елбасы кез келген қоғамдық, әлеуметтік үдеріске қазақы салт-санамен бейімделу қажеттілігін баса айтқан. Егер халықтың дәстүрі болмаса қалай дамып, қалай өрістейді? Өткеннің тәлімді тәжірибесін алмай, алға қадам басуға бола ма? Кез келген халық шарифатқа қайшы

келмейтін дәстүрімен жаңаны жалғап барып қадам жасауы – оның өмір сүруінің алғашқы белесі. Осындай рухани тұтастық жоқ жерде ұлттық дүниетанымдық үзік пайда болады. Ұрпақ сабақтастығы деген халық болып ұйысып өмір сүру мүмкіндігі, жекешілдік емес, ұжымдық, елдік үрдіс болғандықтан ұлттық құндылықтарымызды дінімізбен сабақтастыра жаңғыртудың маңызы өте зор. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қозғалған мәселелер мен қолға алынатын бастамалар дін қызметкерлерінің де жұмыс бағытын тағы да бір нақтылап берді. Бұл жаңа заманның өткеліне табан тіреп тұрып, имандылық қалыптастырған бұрынғы тамырымызды тектілікпен бекемдеп, жүйелеу жолындағы өзекті бастама деуге болады.

Бір сөзбен айтқанда, Елбасы өз мақаласында жастарды тектілікке тәрбиелеудің жолдарын нұсқап, тұжырымды ой айтты. Бұл жөнінде Түркістан өңірінде рухани-мәдени саланың дамуына ерекше жағдай жасалынып келе жатқанын атап айтқым келеді. Рухани мол мұраға бай өлке ретінде тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік Кеңес құрылып, рухани мұраларымыз зерттелуде. Жалғасын табатын жарқын істердің жүзеге асуына Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жыл басындағы халыққа Жолдауында айтылған Қазақстанның үшінші жаңғыруы бағдарламаларымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы бағыт-бағдар болатыны сөзсіз. Жарқын болашақрухани жаңғырудың, озық ой-сананың, ұлттық рух пен патриотизмді насихаттайтын жарқын істердің көшбасында жүреді деп сенемін.

Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. – Астана. 2016. – 30 б.

Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2017 // http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences

Маданов Х. «Қазақ халқының арғы-бергі тарихы. – Алматы. 1995. – 252 б.

Назарбаев Н.Ә. Мәдени мұра. – Астана: 2017. – 51 б.

ТАРИХ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ІРГЕТАСЫ

Қазіргі таңда еліміз тәуелсіздігін алып енді ғана тәй-тәй басқан балаша секілді өзінің жарқын болашағына бірте-бірте қадам басқалы жатыр. Біз еліміздің ұлағатты ұланы ретінде осы жарқын болашақты жасаушы, соған жетудегі әр-бір қадамды нық ойластырушы саналы ұрпақбыз. Бірақ, бәрі шыныменде оңай ма? Қазақтың ұрпағы болу, Алаштың ұрпағы болу мен үшін үлкен жауапкершілік. Ең біріншіден, еліміздің жарқын болашағын жасау ол тарихты ілу мен оны өзгеге үйрету деп білемін. Ашық аспан астында бақытты өмір сүруіміздің бірден-бір себебі ол біздің ата-бабаларымыздың төккен терісі менқаны. Оны біз мәңгілік дәріптеуге міндеттіміз. Бірақ, өкінішке орай, заманымызбен өмір сүріп, ғылымға көңіл-үлесімізді бөлеміз деп тарихымызды ұмыта бастау деген қорқынышты ойлар болуы әбден орынды. Осы себепті де Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Мәдени мұра» (2004), «Халық – тарих толқынында» (2013) бағдарламаларын жүзеге асыра отырып нәтижесінде Рухани жаңғыру атты үлкен әрі қазіргі таңда елімізге қажетті бағытты халыққа жария етті.

Сан ғасырлар бойы отар елдің тепкісін, теперішін көріп өскен халықтың ұлттық санасы аз ғана уақыт ішінде жаңғырып кете алмайды. Алайда, азаттық аренасына жасындай жарқылдап шыққан ширек ғасыр ішінде рухани жаңғырудың жаңа белесіне өтетін кез келді. Ал енді руханижаңғырудың бір биігі тарихи сананы жаңғыртумен ұштасқанда ғана өз нәтижесін береді. Сол себепті де кеменгер Көшбасшымыз революциялық сілкіністерден көз ашпаған өткен ғасыр көшінің келбетіне былай деп баға береді: «XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды.

Біріншіден, ұлттық дамудың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды.

Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді.

Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады.

Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды». Әр-бір айтылған мәселені, тарихымыздағы қайығы-қасірет пен қатар бастан өткен оқиғаны ұрпағымызға саналы тұрғыда жеткізу ол біздің қолымызда. Ал Рухани жаңғыру бұл сол мақсатты іске асыруға арналған бірден-бір тиімді құрал. «Елді ояту үшін, тарихты ояту керек» деп Әбіш Кекілбаев атамыздың даналы сөзін әрқашанда орынды, әрі маңызды екенін алға қоя отырып, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа тарихтың адам өмірінде алар орны зор екенін үйрете білу әр-біріміздің сүйікті міндетіміз болса екен деймін.

Отан отбасыдан басталады деп сол тарихтың қадір-қасиетін әр пенде отбасысы мен өскен ортасында таныса, әрі оданда биік шыңдарда Қазақтың тарихын жаңғыртса нұр үстіне нұр болар еді. Тарихты оқып білудің өзі үлкен ерлік. Бастан кешірген талай қиын-қыстау кезеңді сезінбек түгілі оны жай ғана елестетудің өзі жанға ауыр батады. Дегенменде, егер ұрпағымыз саналы, халқымыздың көзі ашық, көкірегі ояу болғанын қаласақ, ең бірінші қасиетті тарихымызды құрметтеуге және оны дәріптеуге ұмтылысты ояту керек.

Тарих – бұл адамды патриотизмге тәрбиелейтін тілсіз рухани байлық. Осы жағдайды ескере отырып еліміздегі патриотизм көрсеткішін талдасақ. Өмірде бастан кешірген оқиғаларды тарихимыздың әр үтір-нүктесімен байланыстыра отыру орынды. Себебі, атап айтқандай тарих – бұл мәдениет, бұл тәрбие. Демек, қарапайым күнделікті өмірімізде адамдардың қарым-қатынасынан оның саналы тұрғыда тарихтан хабары бар немесе тура солай жоқ екенін байқау қиын емес-ті. Өкінішке орай, айтылған нұсқаның екіншісі, яғни өз тарихын тіптен білмейтін жанды кездестіруге болады. Бұл менің ойымша ұрпақтың улануының бірден-бір қаупі.

Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр, тарихын құрметтей отырып таныған ұлттың болашағы қазақ мәртебесін дүниежүзі аренасында жоғары дәрежеге жеткізетіні сөзсіз. Осыған орай Патшайым II Екатеринаның сөзімен бөліскім келеді – «Егер де, қазақ өзінің кім екенін таныса, онда ол дүниежүзін жаулап алар еді». Бұл сөзді оқып арқам тітіркеніп, бір жағынан, мақтана қуанып, бір

жағынан, осы қазағым кім екенін танымай кете ме деп үрей қорқыныш пен өкінішті мұңға батамын. Бірақ, үміт ешқашан сөнбейді. Осы айрықша маңызды мәселені шешу үшін де біз, қазақ жастары барыншы тырысып, берліп отырған әр мүмкіндіті назарға алып, дамытып қолдасақ екен деймін. Ұлы Көшбасшымыздың қанатты сөзін, яғни «Болашақ – жастардың қолында» екенін еске ала отырып, алдағы үлкен, әрі елеулі мәселенің шешімін бізге арқа сүйеп сеніп отырғаны мен үшін үлкен мәртебе. Осы мәртебені міндетті түрде ескере отырып еліміздің болашағына бар үлесімді қосуға келісемін.

Тарихымызды жан-жақты дамыта отырып, оны өзге қазақ бауырларымызға үйрете отырып рухани жаңғыра алуымыз кепіл. Тарих – кешегі заман, бүгінгі қадам, болашақ! Демек, тарихты құрушы да, дәріптеп сүйуші де ол – біз, Алаштың жас ұрпағы! Тарих – сананы тәрбиелеуші. Тарихта ыстық ана тіл де бар, қасиетті дін де бар, қадірлі дәстүр де бар. Тарихын жетік білген елдің ұландарына қызыға да, қызғана да қараймын. Сондықтан да, бағалы тарихымызды биік бағалап, әлемге танытуға сен де үлесінді қосуға дайының ба?

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы
// http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences.

Государственная программа «Культурное наследие». – Астана, 2006-2011 гг.

Назарбаев Н.А. Ежегодные послания Президента народу Казахстана. – Астана, 2003-2011 гг.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Dubyagina E.V. – Institute of Archeology. A.Kh. Margulan.PhD doctoral student

Абаева Ж. – Қазақ Бас Сәулет Құрылыс Академиясының 1-курс студенті. Алматы, Қазақстан

Айдаркенова К.Б. – Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева.

Аққалиева А.Ш. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 4 курс студенті

Ақымбек Е.Ш. – Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Жетекші ғылыми қызметкер

Байшашов Б.У. – Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Жетекші ғылыми қызметкер

Бесетаев Б.Б. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. PhD докторант

Горашук И.В. – к.и.н., начальник отдела археологии АО Волго-НИИгипрозем

Гурулев М.В. – ТОО «Археологическая экспертиза», научный сотрудник

Дүйсенбай Д.Б. – Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. PhD докторант

Ерғабылов А.Е. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Археология, этнология және музеология кафедрасының оқытушысы

Жүсіпназар М.И. – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 3 курс.

Ильин Р.В. – Институт археологии им. А.Х. Маргулана, научный сотрудник

Касенова А. – Институт археологии им. А.Х. Маргулана, научный сотрудник

Куандык С.Р. – Институт археологии им. А.Х. Маргулана, магистрант

Куулар А.И. – Кемеровский государственный университет, г. Кемерово, РФ.

Мусаева Р.С. – Институт археологии им. А.Х. Маргулана. PhD докторант

Новиков И.К. – Курганский государственный университет, г. Курган, РФ

Оразай А. – Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Магистрант

Саргизова Г.Б. – Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. PhD докторанты

Суюндикова М.К. – Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Кіші ғылыми қызметкер

Тәжібаев Б.Ә. – «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейі

Түлегенов Т.Ж. – Государственный историко-культурный заповедник-музей Исык

Уралбаева Ж. – Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Магистрант

Утубаев Ж.Р. – Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Аға ғылыми қызметкер

Хамитов М. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Археология, этнология және музеология кафедрасының 4-курс студенті

Чекин А.Г. – Государственный историко-культурный заповедник-музей Исык

Шагирбаев М.С. – Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Кіші ғылыми қызметкер

Шакенов С.Т. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Археология, этнология және музеология кафедрасының оқытушысы

Ыдырыс А.Б. – Қазақ Бас Сәулет Құрылыс Академиясының 1-курс студенті. Алматы, Қазақстан

СОДЕРЖАНИЕ

Предисловие	3
Биография	5
Новиков И.К. Куандык С.Р. Новые памятники позднего каменного века в долине р. Орь актюбинской области	9
Горашук И.В. Каменные и костяные орудия металлургии и металлообработки срубной культуры	15
Мусаева Р.С. К вопросу о хронологии донных стоянок срубной культуры на территории Западного Казахстана	28
А. Касенова. Каменные изваяния Сарыарки как источник по истории древних и средневековых народов Евразии	36
Dubyagina E.V. Cultural ties reflected in the ceramic decoration tradition	46
Саргизова Г.Б. Сарыарқа ескерткіштері Ә.Х. Марғұланның зерттеулерінде	52
Дүйсенбай Д.Б. Ерте темір дәуірінің ескерткіші – Абылай қонысы	57
Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г. Полевые археологические исследования на аварийном кургане правобережной части могильника Иссык	64
Ильин Р.В., Гурулев М.В. Предварительные результаты исследования аварийного кургана раннего железного века в г. Алматы	68
Аққалиева А.Ш. Ақтөбе облысының савромат-сармат ескерткіштерінің кеңестік дәуіріндегі зерттелу мәселелері	85
Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К. Керамический материал Бабишмуллинского оазиса (по раскопам 2018 года).	92
Байшашов Б.У., Шагирбаев М.С. Көне дәуірдегі мал шаруашылығы мен аңшылықтың маңызы (остеологиялық материалдар негізінде)	100
Куулар А.И. К вопросу об изваяниях с сосудом в обеих руках в средневековой скульптуре Тувы	107
Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Алматы облысының оңтүстік-батыс жағында орналасқан ортағасырлық ескерткіштерге жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары	112
Шакенов С.Т., Ерғабылов А. Е., Хамитов М. Шілікті – Тарбағатай археологиялық экспедициясының 2017-18 жылдары Айнабұлақ қорымында жүргізген зерттеу жұмыстары	132

М.И. Жүсіпназар. Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ортағасырлық оғыз қалаларындағы жаңа зерттеулерге қысқаша шолу	146
Оразай А. Оңтүстік-шығыс қазақстанның ортағасырлық қалалары мен қоныстарының зерттелу тарихы (1917-1991 ж.ж.).	151
Уралбаева Ж. Г.А. Кушаевтың өмірбаяны бойынша жиналған деректердің кейбір қорытындылары.	158
Айдаркенова К.Б. Проблемы консервации археологических памятников кимакской культуры	163
Тәжібаев Б.Ә. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстан археологиясының зерттелуі	169
Бесетаев Б.Б. С.М. Ақынжановтың 80-жылдығына орайластырылған «Археология: өткені, бүгіні, болашағы» Халықаралық жас ғалымдардың ғылыми-әдістемелік конференциясы.	174
Суюндикова М.К. Археология ескерткіштерін музеефикациялау жолдары	176
Абаева Ж. Рухани жаңғыру – жастарға жарқын жол!	182
Ыдырыс А.Б. Тарих – рухани жаңғырудың іргетасы	186
Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах	189



Дизайн обложки
М.А. Антонов

Компьютерная верстка
Ольга Храмовская

Подписано в печать 11.10.2019.
Формат 60х84 1/16. Усл.печт.лист 11,14.
Тираж 30 экз. Отпечатано в ТОО "Хикари"